



**«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» КЕАҚ-ның
2021–2022 оқу жылындағы қызметі туралы
Басқарма төрағасы-ректордың
ЕСЕБІ**

Қарағанды
2022

МАЗМҰНЫ

1 «АКАДЕМИК Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТИ» КЕАҚ-ТЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫН ІСКЕ АСЫРУ.....	3
2 ИМИДЖДІК САЯСАТ	7
3 БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІ	11
4 ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ	27
5 БАСПА ҚЫЗМЕТІ.....	35
6 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМ АЛМАҒАНАСТЫҚ.....	38
7 АҚПАРАТТЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ. КІТАПХАНА РЕСУРСТАРЫН ДАМУ	47
8 ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ	57
9 ӘКІМШІЛІК-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ	63

1 «АКАДЕМИК Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ-ТЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

Білім ордасының миссиясы, пайымы, стратегиялық мақсаттары мен міндеттері Директорлар кеңесінің 23.12.2020 ж. шешімімен бекітілген Университеттің 2020–2025 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарында айқындалған.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің миссиясы — рухани құндылықтарды сақтау, білімді тарату, озық білім беру тәжірибесі мен зерттеу бағдарламалары негізінде кадрлар даярлау үшін инновациялық тәсілдерді енгізу.

Пайымдау: жаңа тарихи сын-тегеуріндер жағдайында Қазақстанның инновациялық дамуы мен жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін педагогикалық және ғылыми кадрларды даярлауға басымдық бере отырып, классикалық университеттің көпсалалы сипатын сақтау.

Стратегиялық мақсаты: «Karaganda Buketov University» брендин әлемдік деңгейдегі университет ретінде ілгерілету.

Қоғамның стратегиялық бағыттары бойынша қызмет нәтижелері

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің маңызды стратегиялық мақсаттарының бірі QS әлемдік рейтингтерінде алдыңғы қатарға шығу. 2022 жылы World University Ranking QS әлемдік рейтингінде университет өз позициясын 801+ деңгейіне жеткізе алды. Бұл университет басшылығының профессор-оқытушылар құрамының сапалық санын арттыру, университет ғалымдарының дәйексөз индексін өсіру, шетелдік студенттер санын көбейту бағытында жүргізген мақсатты жұмысының нәтижесі. Бүгінгі таңда біз жоғары академиялық атаққа, жұмыс берушілер арасында зор беделге ие болып, түлектерді жұмысқа орналастыруда жақсы көрсеткіштерге қол жеткізіп отырмыз. 2021 жылдың қорытындысы бойынша университет түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша QS рейтингісінің ТОП 501+ қатарына енді. Дамып келе жатқан Еуропа мен Орталық Азия елдерінің әлемдік рейтингінде (QS EESA) университет бір жыл ішінде 22 позицияға көтеріліп, 127-ші орынды иеленді.

2022 жылы біздің университет ұлттық рейтингтегі жетекші позициясын тағы да растады. БСҚТА-ның Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарының Ұлттық рейтингі-2022 қорытындысы бойынша академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Қазақстанның жетекші көпбейінді жоғары оқу орындарының арасында 3-орынды және еліміздің көпбейінді өңірлік жоғары оқу орындарының арасында 2-орынды иеленді!

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің (АРТА — IAAR) нұсқасы бойынша академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Қазақстанның көпбейінді өңірлік жоғары оқу орындары арасында 1-орынға және «Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына сұраныстың тәуелсіз рейтингісінде» ұлттық университеттерге жол бере отырып, 4-орынға ие болып отыр. «Атамекен» ҰКП рейтингісінде университет еліміздің үздік университеттерінің ондығына кіреді.

2022 жылғы рейтингтер нәтижелері бойынша академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті өзінің бәсекеге қабілеттілігі мен қажеттілігін, білікті мамандарды даярлаудың барлық деңгейлерінде халықаралық стандарттарға сәйкес сапаны қамтамасыз етуге бейілділігін растады.



Позиция университета
в мировом рейтинге QS
в 2022 году — 801+



Позиции университета в
мировом рейтинге QS EECA
в 2021 году – 149
2022 году – 127



Позиции университета в
мировом рейтинге QS
graduate employability
rankings в 2022 году – 149



Национальный рейтинг
лучших многопрофильных
вузов Казахстана 2022 –
3-е место




Генеральный рейтинг
Топ-20 вузов Казахстана
2022 – 4-е место



Университет входит
в 10 лучших вузов
Казахстана

Жалпы алғанда, білім беру бағдарламалары тұрғысында ұлттық рейтингтердегі жүлделі орындар санының өскені байқалады. АРТА нұсқасы бойынша бұл көрсеткіш 2020 жылы 25,8 %-ды (38 жүлделі орын) құраса, 2021 жылы 29 %-ға өсіп (43 жүлделі орын), 2022 жылы 56 %-ға (116 білім беру бағдарламалары тобы бойынша 65 жүлделі орын) жетті. «Атамекен» ҰКП рейтингінде бұл көрсеткіш екі жыл бойы тұрақты болып, 40 %-ды құрап отыр. Жалпы, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің білім беру бағдарламаларының сапасын тікелей көрсететін университеттің білім беру бағдарламаларының рейтингтік позицияларының ұлттық деңгейде артуының тұрақты динамикасын атап өткен жөн.

Призовые места ОП в национальных рейтингах



Аккредиттеу рәсімі «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ ұсынатын білім беру қызметтері сапасының ESG халықаралық стандарттарына сәйкестігін ресми түрде растады. Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті EQAR Жоғары білім сапасын қамтамасыз ету агенттіктерінің еуропалық тізіліміне енгізілген Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі/ БСҚТА-мен 5 жыл мерзімге (2023 жылғы 31 наурызға дейін) аккредиттелген. 2021–2022 оқу жылында 12 білім беру бағдарламасы реаккредиттеу рәсімінен сәтті өтіп, БСҚТА-мен 5 жыл мерзімге аккредиттелді. Қазіргі уақытта университеттің 136 білім беру бағдарламасында бағдарламалық аккредиттеу бар.



Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша университетте ESG халықаралық стандарттарының талаптарын ескере отырып, сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі жаңартылды, басқару жүйесіне, даму стратегиясына және университет қызметінің негізгі үдерістеріне, адам ресурстарын басқару мен операциялық қызметке, есептілікке және т.б. тұрақты даму мақсаттарының кірігуі басталды. Университетте Директорлар кеңесінің шешімімен тұрақты даму жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілді, ол корпоративтік және стратегиялық тұрақтылықты дамытуға бағытталып, университет қызметкерлері мен білім алушыларын тұрақты даму мақсаттары туралы хабардар етуді, тұрақты даму саласындағы тәуекелдерді айқындауды, орнықты даму саласындағы іс-шараларды мониторингілеу мен бағалауды, «жасыл кеңсе» тұжырымдамасын әзірлеуді және т.б. қамтиды.

Тұрақты даму тұрғысында 2021–2022 оқу жылынан бастап университетте Тәуекелдерді басқару саясаты енгізілуде, бұл университетті және оның бизнес-процестерін дамыту үшін жасалған маңызды қадам болды.

Қазіргі уақытта тәуекелдерді басқару процесі Buketov University құрылымдық бөлімшелерінің жұмысына енгізілді. Университеттің оқу, ғылыми, тәрбие, мәдени және басқа да қызмет салаларына байланысты тәуекелдерді басқару бойынша жұмыстар жүргізілуде. Құрылымдық бөлімшелердің тәуекел-менеджерлері тәуекелдерге неғұрлым бейім бизнес-процестерді айқындап, оларды басқару бойынша жұмыстар жүргізеді. Тәуекелдерді басқару процесін құрылымдық бөлімшелердің қызметіне енгізу арқылы бизнес-процестер бойынша операцияларға неғұрлым егжей-тегжейлі талдау жүргізу мүмкін болады, бұл өз кезегінде операциялық қателерді тіркеуге және барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Сапаны қамтамасыз ету және тәуекелдерді бағалау департаменті тәуекелдерді басқару үшін жауапты бөлімше болып табылады. Бұл жаңа құрылымдық бөлімшенің міндеттеріне университетте тәуекелдерді басқару процесін енгізу және жетілдіру, ұйымдастыру және үйлестіру; іске асырылған тәуекелдердің дерекқорын жүргізу; әдіснамалық базаны, тәуекелдерді басқару саясатын, ережелерін, олардың мониторингі бойынша рәсімдерді әзірлеу, енгізу және жаңарту; тәуекелдерді басқарудың басқа бизнес-процестерге кірігуін қамтамасыз ету және университетте тәуекел-менеджмент мәдениетін дамыту; тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша университет қызметкерлеріне әдіснамалық және консультациялық қолдау көрсету және т.б. кіреді.

Жаңа оқу жылында Сапаны қамтамасыз ету және тәуекелдерді бағалау департаменті университет факультеттерінің бизнес-процестеріне тәуекел-менеджментті енгізуді жоспарлап отыр, бұл университет менеджментіне бизнес-процестердің тәуекелдерін жүйелеуге, олардың ықтимал салдарларынан болатын залалды азайтуға және университет жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар енгізуге мүмкіндік береді.

2 ИМИДЖДІК САЯСАТ

Университеттің имидждік саясаты университеттің Buketov University брендин ілгерілету жөніндегі стратегиялық мақсатын іске асыруға бағытталған. Қазақстан Республикасының жетекші заманауи білім беру, ғылыми орталықтарының бірі ретінде Karaganda Buketov University имиджін одан әрі дәріптеу, танымалдылығын арттыру және ілгерілету, сондай-ақ студенттерді осы іске көбірек тарту мақсатында Маркетинг және рекрутинг басқармасы заманауи жарнамалық және ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, университетті ілгерілетудің инновациялық жүйесін құру бойынша мақсатты жұмыс жүргізді.

Мәселен, есепті жылы келесі имидждік іс-шаралар өткізілді.

Қарағанды облысының мектеп түлектері үшін «*Open Day-2022*» PR-іс-шарасы ұйымдастырылып, оған 500-ден астам адам қатысты.

Жастарды отансүйгіштік, туған жерге деген сүйіспеншілік рухында тәрбиелеу, сондай-ақ Karaganda Buketov University имиджін одан әрі насихаттау және сыртқы ортада ілгерілету мақсатында 2022 жылдың мамыр айында «Рухани.KZ» бірегей тарихи-әлеуметтік жобасы ұйымдастырылып, оның аясында студенттер мен оқытушылар Түркістан, Қарқаралы, Астана қалаларының, сондай-ақ Ұлытау өңірінің көрікті жерлерін аралады, мектеп және колледж түлектерімен PR іс-шаралар ұйымдастырылды.



Сондай-ақ, қазақтың белгілі ғалымы, ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 150 жыл толуын мерекелеу аясында Қарағанды қаласының орталық көше-

лерінің билбордтарында сәуір-шілде айлары аралығында қоғам қайраткерінің өлеңдерімен университеттің жаңа логотипі бейнеленген 10 баннер орналастырылды. Тағы екі билборд Алматы-Екатеринбург халықаралық трассасының бойында және Шет ауданы Ақсу кентінің орталығында орналастырылды.

Ағымдағы жылы Маркетинг және рекрутинг басқармасы *Қарағанды Бөкетов университеті* имидждік өнімдерінің жаңа дизайнын әзірледі және жиырма төрт атаудағы тауарлар алынып, бүгінде университеттің PR іс-шараларында қолданылуда.

Жоғары оқу орнының қызметкерлері мен профессор-оқытушылар құрамы арасында корпоративтік мәдениетті одан әрі қалыптастыруға, сондай-ақ жастар арасында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алудың тартымдылығын арттыруға, университет имиджін танымал етуге бағытталған «CASUAL BUKETOV-2022» онкүндігі шеңберінде университет қызметкерлері және профессор-оқытушылар құрамының қатысуымен флеш-моб өткізілді. Флеш-мобқа 200-ге жуық оқытушылар мен қызметкерлер қатысты.

Оқу жылының екінші жартысында университет ғимараттарындағы маңдайшалар жаңартылып, KARAGANDA BUKETOV UNIVERSITY логотипі бар жарықты стелалар — постаменттер орнатылды.



Имидждік саясатты іске асыру аясында Маркетинг және рекрутинг басқармасы *Instagram* парақшасында белсенді жарнама саясатын жүргізеді. Buketov University брендин одан әрі ілгерілету үшін жаңа *трендтер мен Reels* бейне түсірілімдері қолданылады.

Ағымдағы жылдың тамыз айында Buketov University брендин танымал ету мақсатында университет студенттеріне арналған *TikTok* парақшасы құрылды.

«Karaganda Buketov University» брендин насихаттау және ілгерілету мақсатында университет қызметкерлері арасында имидждік спорттық іс-шаралар өткізілді. Есепті жылы кәсіптік бағдар беру жұмыстары белсенді жүргізілді.

2021 жылдың қараша-желтоқсан айлары аралығында Маркетинг және рекрутинг басқармасы Қарағанды облысының жалпы білім беретін мектептері мен колледждерінің түлектерімен: **Жаңаарқа ауданы, Сәтбаев, Жезқазған, Балқаш қалаларының** түлектерімен кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу үшін әртүрлі факультеттердің оқытушыларынан тұратын бірнеше делегациялардың шығуын ұйымдастырды.

2022 жылдың ақпан айында **Бұқар жырау ауданының** жалпы білім беретін мектептерінде кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу үшін Маркетинг және рекрутинг басқармасының басшысымен бірлесіп оқытушылар тобы барды.

2022 жылдың наурыз-сәуір айларында ел көлемінде онлайн режимде «Заманауи білім беру» республикалық журналының редакциясы ұйымдастырған бітіруші сыныптар оқушылары арасында кәсіптік бағдар беру бойынша іс-шаралар өткізілді:

– Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстарынан — онлайн-кәсіптік бағдар алуға 2532 адам тіркелді, Zoom-конференцияға 497 адам қатысты, YouTube-де трансляцияны қарағандар — 1340 адам, 5600 жазылушы ақпараттық таратылыммен танысты;

– Қарағанды облысынан — онлайн-кәсіптік бағдар алуға 1961 адам тіркелді, Zoom-конференцияға 415 адам қатысты, YouTube-де трансляцияны қарағандар — 1130 адам, ақпараттық таратылыммен 6700 жазылушы танысты;

– Шымкент қ., Түркістан, Жамбыл облыстарынан — онлайн-кәсіптік кеңес алуға 3815 адам тіркелді, Zoom-конференцияға 506 адам қатысты, YouTube-де трансляцияны 2570 адам қарады, 9000 жазылушы ақпараттық таратылыммен танысты.

– Атырау, Маңғыстау, Қызылорда облыстары — онлайн-кәсіптік бағдар алуға 3331 адам тіркелді, Zoom-конференцияға 487 адам қатысты, YouTube-де трансляцияны қарағандар — 1140 адам, 9000 жазылушы ақпараттық таратылыммен танысты.

2022 жылғы наурызда «Серпін-2050» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде жалпы білім беретін мектептер мен колледждерде кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу және республиканың оңтүстік және батыс өңірлерінен Karaganda Buketov University-не оқуға талапкерлерді тарту үшін **Алматы, Жамбыл, Маңғыстау, Түркістан, Қызылорда облыстарына** бағытталған ПОҚ құрамынан, магистранттар мен факультет студенттерінен 6 арнайы топ құрылды. Кәсіптік бағдар беру жұмысы 211 жалпы білім беретін мектептер мен колледждерде жүргізілді. Жалпы 7171 түлек қамтылды.

2022 жылдың сәуір айында **Қаражал, Балқаш қалаларының** білім бөлімдерінің шақыруымен университет оқытушылары кәсіптік бағдар беру жәрмеңкесіне қатысты.

2022 жылдың мамыр айында **Жезқазған, Сәтбаев қалаларының, Ұлытау ауданының** жалпы білім беретін мектептері мен колледждерінде кәсіптік бағдар беру жұмысы жүргізілді, оған 14 мектеп пен 2 колледжден 350 түлек қамтылды.

2022 жылдың мамыр айында Атырау және Маңғыстау облыстары үшін бөлінген арнайы квоталар шеңберінде оқу үшін түлектерді тарту мақсатында университет оқытушылары Атырау, Ақтау қалаларындағы облыстық білім беру көрмелеріне қатысып, Индер, Махамбет, Исатай, Бейнеу, Түпқараған аудандарының орта мектептерінде, сондай-ақ Жаңаөзен қаласында кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізді.

3 БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІ

3.1 Университеттің академиялық саясаты

Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы заңнамасы және академиялық еркіндік шегінде университетте білім беру қызметін ұйымдастыру тәртібі «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-тың академиялық саясатымен» айқындалады.

Есепті жылы Қарағанды университетінің Академиялық саясатын жақсарту бойынша үлкен жұмыс жүргізілді. Осыған байланысты «Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысы», «Қосымша білім беру», «Құжаттар беру» атты үш жаңа бөлім енгізілді, Оқу процесін ұйымдастыру және оқыту нәтижелерін бағалау туралы бөлім айтарлықтай пысықталды, 10 жаңа регламент әзірленді. Жалпы алғанда, Академиялық саясат 48 жаңа тармақпен толықтырылды. Бүгінде ол 7 бөлім мен регламенттер түріндегі 23 қосымшаны қамтиды.

Академиялық саясатты жақсарту шеңберінде бейінді магистратура түлектерін педагогикалық даярлау бойынша; бірлескен, оның ішінде қос дипломды оқыту бағдарламаларын ұйымдастыру бойынша; докторанттың жеке жоспарын қалыптастыру, формалды, формалды емес, информалды білім беру шеңберінде оқыту нәтижелерін қайта есептеу бойынша регламенттер алғаш рет әзірленді.

Академическая политика НАО «Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова» (одобрена Ученым советом, протокол № 12 от 27.01.2022г., внесены изменения решением Ученого Совета, протокол № 18 от 27.06.2022г.)	7 бөлім
	23 қосымша
	48 жаңа тармақ

Бітіру жұмыстарын жобалаудың озық тәжірибесі, білім беру бағдарламаларының бейіндік және деңгейлік ерекшелігі, Болон процесі орталығының ұсынымдары ескеріле отырып, Білім беру бағдарламаларын жобалау бойынша; білім алушылардың бітіру жұмысын дайындау, силлабус жасау бойынша регламенттер жаңартылды.

Баға қойылатын электрондық журналдың жабылу мерзімі туралы регламент жазылды, оқу тәртібін нығайту және білім алушылардың өзін-өзі даярлау сапасын арттыру мақсатында сабаққа қатысуға қатысты және сабаққа қатыспаудың салдарларына, «FX» қанағаттанарлықсыз бағасын ақылы қайта тапсыруға байланысты нормалар белгіленді.

Білім алушыларды курстан курсқа ауыстыру нормасы түбегейлі қайта қаралып, GPA тетігі кредиттерді толық игеру талабына ауыстырылды. Бұл білім алушылардың академиялық жауапкершілігін арттырып, академиялық қарыздардың жиналып қалуына жол бермейді, оффлайн режимінде өткізілетін емтихан рәсімін бейнебақылау мүмкіндігі қарастырылған.

Оқытушылардың педагогикалық жүктемесін жоспарлаудың белгілі бір уақыт нормаларына өзгерістер енгізілді. Мәселен, бітіру жұмыстары мен жобаларға жетекшілік етуге арналған уақыт нормалары бөлінді; алғаш рет шетелдік кеңесшілер, докторанттар үшін прогрессивті уақыт шәкілі енгізілді. Қарағанды университеті лауазымдарының жаңа біліктілік стандартын басшылыққа ала отырып, кафедраның еңбек сіңірген профессоры және профессор-зерттеуші сияқты лауазымдар үшін тәлімгерлікпен және ғылыми зерттеулер жүргізумен байланысты нормалар енгізілді.

Енгізіліп жатқан өзгерістер аясында докторанттарды даярлау, білім туралы құжаттарды беру процестерін үйлестіру бөлігінде Академиялық жұмыс департаменті мен Ғылым департаменті арасында функциялар қайта бөлінді. Осыған байланысты алғаш рет PhD дипломының макеті әзірленіп, енгізілді. Сонымен қатар, Академиялық адалдық ережелері қайта қаралды, онда оқу үдерісіне қатысушылардың моральдық және тәртіптік жауапкершілігі күшейтілді.

Академиялық саясат университеттің нақты білім беру қызметін толығымен бейнелейді.

3.2 Білім алушыларды қабылдау және олардың контингенті

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде оқыту күндізгі оқу нысаны бойынша, оның ішінде қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі. 2021–2022 оқу жылында университетке 4594 білім алушы қабылданды, оның ішінде: бакалавриат бағдарламалары бойынша — 4128 адам, магистратура бағдарламалары бойынша — 418 адам, докторантура бағдарламалары бойынша — 48 адам.

Таланкерлерді оқу деңгейлері, нысандары мен шарттары бойынша қабылдау

Жыл	2021–2022 оқу жылы	2020–2021 оқу жылы
Бакалавриат, барлығы <i>оның ішінде:</i>	4128	3120
күндізгі оқу нысаны	2859	2289
– ҚР БҒМ гранты	1564	1242
– шарт	1295	1047
күндізгі оқу нысаны (ҚБТ қолданумен)	1269	831
– шарт	1269	831

Жыл	2021–2022 оқу жылы	2020–2021 оқу жылы
Магистратура, барлығы <i>оның ішінде:</i>	418	433
– мемлекеттік тапсырыс	273	325
– шарт	145	108
Докторантура, барлығы <i>оның ішінде:</i>	48	60
– мемлекеттік тапсырыс	48	58
– шарт		2

2021 жылы қабылданған студенттер саны 2020 жылмен салыстырғанда 1008 адамға (24,5 %) өсті. Керісінше, қабылданған магистранттар саны 15 адамға (3 %) және докторанттар саны 12 адамға (20 %) азайды.

Мемлекеттік білім гранттары иегерлерінің саны 1885 адамды құрады. Студенттер арасынан грант иегерлерінің саны 322 адамға (21 %) өссе, магистранттар мен докторанттар арасынан тиісінше 52 адамға (16 %) және 10 адамға (17 %) азайды.

Университет оқытушыларының Маркетинг және рекрутинг басқармасымен бірлесіп жүргізетін кәсіптік бағдар беру жұмысы 1-курс білім алушыларының контингентін ұлғайтуға айтарлықтай ықпал етті.

Есепті кезеңде Маркетинг және рекрутинг басқармасы Жезқазған, Сәтбаев, Балқаш қалаларында; Ұлытау, Жаңаарқа, Бұқар жырау, Қарқаралы аудандарында бірқатар көшпелі іс-шаралар ұйымдастырды.

Онлайн режимінде Шығыс Қазақстан, Павлодар, Түркістан, Жамбыл, Атырау, Маңғыстау, Қызылорда, Қарағанды облыстарының бітіруші сынып оқушыларына арналған іс-шаралар өткізілді; «Мамандықтар әлемі — біз таңдайтын жол» (Қаражал қ.), «Кәсіптер жәрмеңкесі — 2022» (Балқаш қ.) жәрмеңкелері ұйымдастырылды.

«Серпін-2050» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында Алматы (Алматы, Талдықорған қалалары), Жамбыл, Маңғыстау, Түркістан, Қызылорда облыстарының мектептері мен колледждерінің түлектерін тартуға ерекше назар аударылды.

Ағымдағы жылдың сәуір айында университетте Қарағанды облысының мектеп түлектері үшін «Ашық есік күні — OpenDay» өткізілді.

«Рухани KZ» бағдарламасы аясында, сондай-ақ сыртқы ортада Karaganda Buketov University имиджін одан әрі танымал ету және ілгерілету мақсатында Түркістан қаласында, Ұлытау ауданында кәсіптік бағдар беру жұмыстары жүргізілді.

Білім алушылар контингенті

Жалпы, есепті кезеңде білім алушылар контингенті 14 494 адамды құрады (2020 ж. 01 қазандағы мәлімет бойынша — 13 331 адам). Өткен кезеңмен салыстырғанда білім алушылар контингенті 1 163 адамға (13 %) артты.

Оқу деңгейі	2021–2022 оқу жылы			2020–2021 оқу жылы		
	Барлығы	Грант	Ком.	Барлығы	Грант	Ком.
Студенттер	13514	5686	7828	12358	5012	7346
Магистранттар	811	588	223	792	614	178
Докторанттар	169	151	18	181	160	21
Барлығы	14494	6425	8069	13331	5786	7545

Білім алушылар контингентінің айтарлықтай бөлігі «Серпін–2050» бағдарламасы бойынша оқитын студенттерге тиесілі. Осы бағдарлама аясында төрт курста 2001 адам оқыды (а.ж. — 1 739. Өткен оқу жылында осы бағдарлама бойынша 560 түлек оқуын тәмамдады.

3.3 Білім беру бағдарламалары

Университет 2021–2022 оқу жылында бакалавриаттың 91 білім беру бағдарламасы (даярлаудың 28 бағыты), магистратураның 59 бағдарламасы (даярлаудың 24 бағыты) және PhD докторантураның 15 бағдарламасы (даярлаудың 10 бағыты) бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асырды.

Дайындық деңгейлері бойынша білім беру бағдарламалары

Дайындық деңгейі	2021–2022 оқу жылы	Дайындық бағыттары
Бакалавриат	91	28
Магистратура	59	24
Докторантура	15	10

Оқу жылының соңында білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім беру бағдарламаларын жаңарту науқаны жүргізілді. Жалпы бакалавриаттың 64, магистратураның 74, докторантураның 15 бағдарламасын жаңартуға өтінім берілді. Бұл бағдарламаларға оқыту нәтижелерін нақтылауға, таңдау компонентін кеңейтуге, стейкхолдерлердің сұрауы бойынша жаңа пәндерді қосуға, кредиттер көлемін түзетуге байланысты өзгерістер енгізілді. Қазіргі уақытта 4 бағдарлама пысықталуда.

Факультеттер жеке бағдарламаларды ағылшын тілінде оқытуға көшіру бойынша жұмыс жүргізді және осы жылдан бастап үш білім беру бағдарламасы толығымен ағылшын тіліне оқытылады, бұл: «Химия» докторантура бағдарламасы және «Шет тілі: екі шет тілі», «Шетел филологиясы» магистратура бағдарламалары. Мұндай бағдарламалардың тізбесін білім берудің барлық деңгейлерінде кеңейту қажет.

2019 жылдан бастап университетте жаңа, соның ішінде инновациялық бағдарламалар әзірленуде. Осылайша, есепті оқу жылында Тізілімге қосымша 6 ББ енгізілді, олар:

- Әлемдік экономика және кедендік реттеу (бакалавриат);
- Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу (бакалавриат);
- Ақпараттық қауіпсіздік (бакалавриат);
- Жеке құқық (магистратура);

- Экологиялық аналитика және биоэкономика (магистратура);
- Мемлекеттік және жергілікті басқару (докторантура).

Олардың кейбіреулері әртүрлі факультеттер кафедраларының ынтымақтастығында жасалды: экономика факультеті заң факультетімен бірлесе отырып, экономика факультеті биология-география факультетімен бірігіп жұмыс жасады. Бұл пәнаралық бағдарламалардың қажетті деңгейін қамтамасыз етеді. «Мемлекеттік және жергілікті басқару» атты жаңа бірлескен докторлық бағдарлама Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының қатысуымен біздің университет базасында іске асырылатын болады. «Шетел филологиясы» магистрлік бағдарламасы да бірлескен бағдарламалар қатарына кірді. Университет Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетімен ынтымақтастық туралы шарт жасасты.

Сонымен қатар, бакалавриат пен магистратураның білім беру бағдарламалары оңтайландырылып, 2 бакалавриат бағдарламасы мен 7 магистратура бағдарламасы Тізілімнен шығарылды. Соңғы екі жыл бойы бұл бағдарламалар бойынша қабылданатын студенттер болмады.

3.4 Қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып оқыту

Университетте 2019–2020 оқу жылынан бастап 42 білім беру бағдарламасы бойынша ҚБТ қолдана отырып, қысқартылған күндізгі оқу нысаны бойынша студенттерді қабылдау жүзеге асырылуда. Өткен оқу жылында 1 курсты есепке алғандағы жалпы контингент саны 2462 адамды құрады (1 курс — 981 адам, 2 курс — 1022 адам, 3 курс — 459 адам).

Күндізгі оқу нысанында ҚБТ қолдану арқылы білім алатын студенттер контингенті

Бакалавриат	2021–2022 оқу жылы
1-курс	981
2-курс	1022
3-курс	459


Университеттің Академиялық саясатында ҚБТ қолдану арқылы оқу процесін ұйымдастыруға ерекше назар аударылады: ҚБТ ерекшеліктері көрсетіліп, университетте қолданылатын форматтар, IDL платформасы мен оның базалық модульдері белгіленген. Бақылау шараларының академиялық адалдығы мен ашықтығы құралы ретінде прокторинг туралы норма бөлек енгізілген. Студенттердің оқудың байланыс кезеңінде ҚБТ бағдарламаларына міндетті түрде қатысуына назар аударылды.

ҚР БҒМ 03.11.2021 ж. № 137 бұйрығының 7-т., 2-тарауына сәйкес университет Интернет арқылы нақты уақыт режимінде, оның ішінде бұрын жазылған бейнедәрістерді қолдана отырып, білім, дағдылар мен құзыреттіліктерді алуға мүмкіндік беретін онлайн-курсты ұсынады. 2021–2022 оқу жылына арналған ЖАОК және ҚБТ қолданылатын білім беру бағдарламалары үшін оқу бейнеконтентін дайындау жоспары әзірленіп, іске асырылды. Бейнедәрістер мен ЖАОК

Production Studio-да және университеттің оқу зертханасында әзірленіп жазылған. Бүгінгі таңда білім беру бағдарламалары бойынша 76 бейнедәріс және 39 ЖАОК әзірленіп жазылды. Барлық бейнедәрістер <https://idl.buketov.edu.kz> қашықтықтан білім беру порталында білім алушылардың жеке кабинетінде орналастырылған.

Есепті жылы университет оқытушылары 68 ОӘМ шығарды, оның ішінде 39 оқулық, оқу және әдістемелік құрал, 3 әдістемелік құрал мен практикум, 26 электрондық басылым бар.


Аралық аттестаттауды ұйымдастыру мен өткізуге мониторинг жүргізу үшін университет ProctorEdu компаниясымен 3500 адамға арналған саны шексіз сеанстар туралы шарт жасасты.



Білім алушыларды аралық аттестаттауды ұйымдастыру шеңберінде, оның ішінде академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша жолдама алған студенттерді қорытынды бақылау ProctorEdu прокторингімен сүйемелденді. Сессия нәтижелерін талдау көрсеткендей, білім алушылардың барлығы бірдей білім деңгейін растай алмады, нәтижесінде 215 студент академиялық үлгермеушілігі үшін оқудан шығарылды.

Прокторингтің енгізілуі академиялық адалдық нормаларын сақтай отырып, мемлекеттік қорытынды аттестаттауды өткізуге бақылауды күшейтуге мүмкіндік берді. «Үздік» дипломдардың саны өткен жылмен салыстырғанда 8,1 %-ға азайды (2020 жылы бакалавриатты бітіргендер саны — 2982, оның ішінде 728 «үздік» дипломмен — 24,4 %; 2021 жылы бакалавриатты бітіргендер — 3182, оның ішінде «үздік» дипломмен бітіргендер саны — 520).

«Үздік» диплом алған түлектер саны




Ағымдағы оқу жылында қашықтықтан оқыту бағдарламаларының барлығына жаңа норма енгізіледі. ҚР БҒМ 03.11.2021 жылғы № 137 бұйрығына сәйкес оқу пәндерінің бір бөлігі күндізгі форматта оқытылатын болады. Педагогикалық бағдарламалар үшін бұл 80 %-ды, қалғандары үшін — 50 %-ды құрайды. Маусым айында ректордың бұйрығымен барлық білім беру бағдарламалары бойынша осындай пәндердің тізбесі бекітілді.

Өткен оқу жылында құрылымдық бөлімшелердің күш-жігері «Платонус» ақпараттық жүйесін енгізуге жұмсалды. Бұл жүйеге білім берудің барлық деңгейлеріндегі жұмыс оқу жоспарлары жүктеліп қойылды, академиялық күнтізбелерді, білім алушылар контингентін және оқытушылар штатын енгізу жұмысы жалғасуда. Әзірлеушілер біздің университеттің оқытушылары мен қызмет көрсету құрылымдары үшін бірқатар оқыту семинарларын өткізді. Университетте қабылданған цифрландырудың жол картасына сәйкес осы платформаға түпкілікті көшу 2022 жылдың соңына дейін аяқталуы керек.

3.5 Практика және жұмысқа орналастыру

Өткен жылы университетте далалық практикадан өту үшін, оның ішінде Қарқаралы қаласының оқу-далалық базасында жағдай жасауға көп көңіл бөлінді. «География» білім беру бағдарламасы білім алушыларының далалық практикасы алғаш рет Торанғалық кентіндегі университеттің демалыс аймағында өткізілді. «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КЕАҚ-пен жасалған меморандум негізінде келесі жылы Қапшағай базасында далалық тәжірибелер өткізу жоспарлануда.





Өткен оқу жылында «Эдельвейс 2030» ЖШС-пен (Ақмола облысы Бурабай ауданы Қатаркөл ауылы) шартқа қол қойылып, педагогикалық мамандықтардың 2 курс студенттерін психологиялық-педагогикалық практикаға дайындау үшін «Тәлімгерлер мектебін» өткізу тәжірибесі қайта жаңғыртылды.



2021–2022 оқу жылында кәсіптік практиканы өткізуге қосымша 70-тен астам шарт жасалды. Алғаш рет шарт жасасқан 23 кәсіпорын мен ұйымның қатарында Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі; «АрселорМиттал Теміртау» АҚ; Астана қ. «Хабар» Агенттігі» АҚ; Қарағанды қ. «Шұбаркөл көмір» АҚ; «ҚР ҚМ ММЖК Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру Қарағанды департаменті» ММ; «Халықтар достығы орденді К.С. Станиславский атындағы Қара-

ғанды мемлекеттік орыс драма театры» КМҚК; «Қарағанды-Нан» ЖШС; «QazTehna» ЖШС, Қарағанды облысы Саран қ.; Алматы қ. «Археологиялық зерттеулер» ЖШС, Қарағанды қ. филиалы; Қарағанды облысы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ филиалы және т.б. бар. Бұл жұмыс берушілердің серіктестік бастамасымен, жекелеген бағдарламалар бойынша білім алушылар контингентінің ұлғаюымен байланысты болып отыр.



Есепті жылы университет түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу бойынша жұмысын жалғастырды. Түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша қолданыстағы ынтымақтастық туралы меморандумдардың жалпы саны — 56, оның ішінде 14-і 2021–2022 оқу жылында жасалды. Кейіннен жұмысқа орналасу үшін дайындықтан өту туралы қолданыстағы шарттардың саны — 381, оның ішінде 109-ы есепті жылы жасалды.

Өткен оқу жылында бітіруші курс білім алушыларына «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ — «Izbasar» жас мамандарды дамыту бағдарламасы; «Қазақстан Темір жолы» ҰК» АҚ — «ЖасТемір» бағдарламасы; «ALS Kazakhstan» ЖШС — «Жасдарын» мамандарды дамыту бағдарламасы, «ҚР Қаржы мониторингі агенттігі» ММ сияқты жетекші компаниялардан тағылымдамадан өту туралы жасалған ұсыныстар саны арта түсті. Бұл ұсыныстар KPMG Audit LLC, EFES Kazakhstan, EPAM Kazakhstan компанияларының қолданыстағы тағылымдама бағдарламаларымен қатар жүрді. Аталған компаниялардың ұсыныстары математика және АТ, физика-техникалық, химия, экономика және заң факультеттерінің түлектерін қы-

зықтырды. Есепті жылы SamrukQazyna Корпоративтік университеті CareerWeek жыл сайынғы мансап апталығын өткізуде университеттің серіктесі болды. Career Week бағдарламасы жұмыс берушілердің презентациялары мен мансаптық қарқынын қамтыды. SamrukQazyna қорының 180-нен астам портфельдік компаниясының бос жұмыс орындары туралы ақпаратты тұрақты түрде орналастырылатын жаңа SamrukQyzmet платформасына ерекше назар аударылды.



Білім алушыларды бос жұмыс орындары, мансаптық іс-шаралар, жастарды жұмысқа орналастыру жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар туралы хабардар ету үшін білім алушылардың жеке кабинетінде ресми сайттағы Мансап бөлімінің бетіне сілтеме берілген (<https://buketov.edu.kz/>). Сонымен қатар, @buketov_work инстаграм аккаунты белсенді жүргізілуде, онда барлық өзекті ақпарат жарияланады.

Өткен оқу жылының қаңтарынан бастап білім алушылармен түйіндеме жазу бойынша консультациялар, сондай-ақ Білім беру қызметін психологиялық сүйемелдеу зертханасы жүргізетін өзін-өзі таныстыру бойынша психологиялық тренингтер өткізіледі. Бұдан басқа, оқу жылы ішінде жұмыс берушілермен онлайн-кездесулер ұйымдастырылды, онда білім алушыларға компаниялардың қызметі мен бос жұмыс орындары туралы ақпарат берілді.






ИСТОРИЯ УСПЕХА

ОТ СТАЖЕРА ДО МЕНЕДЖЕРА КОМПАНИИ

17 НОЯБРЯ | 16:00

qsamruk.kz

ВЕБИНАР

АЙГЕРИМ КАПАСОВА
 Специалист центра рекрутинга «Корпоративный университет «Самрук-Казына»

ТАМИРЛАН ОСПАНОВ
 Менеджер проекта Samruk Qyzmet

Для участия обязательная регистрация на сайте






EPAM – Effective Programming for America

С 1993 года мы помогаем мировым лидерам проектировать, разрабатывать и внедрять ПО, которое меняет мир

Компанию основали два одноклассника **Аркадий Добкин** и **Леонид Лознер**






CAREER WEEK

22-26 НОЯБРЯ

16:00-17:30

Презентации работодателей

Ссылка на участие



18:00-20:00

Карьерный интенсив от Samruk Qyzmet.

Обязательная регистрация на сайте qsamruk.kz/events

Регистрация на qsamruk.kz/events или по QR коду





Қараша-желтоқсан айларында еңбек нарығында түлектерге деген сұраныс пен олардың бейімделуі туралы статистикалық ақпарат алу мақсатында Мансап бөлімінің қызметкерлері 2022 жылғы ақпанда Академиялық кеңестің отырысында бекітілген түлектің мансап дамуына қанағаттануын өлшеу әдістемесін әзірлеп, сынақтан өткізді. Бұл әдістемені қолдана отырып, еңбек нарығының қажеттілігін, сондай-ақ жас мамандардың бейімделу кезеңінің проблемаларын ескере отырып, білім беру бағдарламаларын түзетуге мүмкіндік береді.

Білім беру гранты бойынша оқыған түлектерді бөлу және олардың жұмысқа орналасуына мониторинг жүргізу басым міндеттердің қатарына кіреді. Өткен жылы ҚБҚО күшімен осы санаттағы түлектерге автоматты түрде жұмысқа жолдама беру рәсімі іске қосылды. Биылғы оқу жылында түлектердің «Қаржы орталығы» АҚ үшін міндетті құжаттарды ЭЦҚ көмегімен алу рәсімін толық автоматтандыру жоспарлануда. Бұл Мансап бөлімінің мамандары орындайтын техникалық жұмыс көлемін айтарлықтай төмендетеді.

Факультеттермен бірлесіп, 2021 жылғы түлектердің жұмысқа орналасуына мониторинг жүргізілді, олардың оқу бітіргеннен кейін 6 айдан соң жұмысқа орналасу көрсеткіші 83,9 %-ды құрады.

2021 жылғы түлектерді жұмысқа орналастыру туралы мәлімет

Білім деңгейі	Бітіріп шыққандар	Жұмысқа орналасатындар	Жұмысқа орналастырылғандар	Оқуын жалғастырғандар	Жұмыспен қамту %-ы
Бакалавриат	2982	2647	1850	356	83,3
Магистратура	391	330	275	11	86,7
Докторантура	76	69	65		94,2
Университет бойынша жиыны	3449	3046	2190	367	83,9

«Атамекен» ҰКП деректері бойынша еліміздегі жоғары оқу орны түлектерінің жұмысқа орналасу көрсеткіші орташа есеппен 77 %-ды құрайтынын айта кету керек. Осылайша, біздің университет түлектерінің жұмысқа орналасу пайызы республикадағы орташа деңгейден 7 %-ға жоғары.

Университетте өткізілетін мансаптық іс-шаралар туралы ақпарат «Жастар әлемі — Мир молодежи» газетінде (30.12.2021 ж. № 12) және облыстық «Индустриальная Караганда» газетінде (23.07.2022 ж. № 80) жарияланды.

3.6 Қызметкерлер мен білім алушыларға қызмет көрсету орталығы

Есепті кезеңде қызметкерлер мен білім алушыларға қызмет көрсету орталығы (ҚБҚО) өзінің тиімділігін дәлелдей алды. Қызмет көрсету орталығы мемлекеттік қызметтер мен университет қызметтерін көрсету үшін жұмыс істейді.

Выдача справок по месту требования для школы или работы

Выдача справок для пособия (ГЦВП 6 для многодетных семей, ГЦВП 31 для семей, потерявших кормильца)

Выдача справок в посольство

Выдача транскрипта (учебные достижения)

Выдача справок в военкомат

Выдача справок о стоимости обучения и о выданной стипендии

Осылайша, қабылдау науқаны кезінде өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы арқылы талапкерлер мен олардың ата-аналары электрондық цифрлық қолтаңбаларға, «Университетке құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызметіне қол жеткізіп, білім беру қызметтері туралы электрондық шартқа қол қоя алды.





2021–2022 оқу жылында ҚБҚО тарапынан 17363 электрондық анықтама берілді. Бұл анықтамаларды білім алушылар талап ету орны бойынша және көпбалалы отбасыларына және асыраушысынан айырылуына байланысты берілетін әлеуметтік жәрдемақыларды алу үшін ұсынады.

2021 жылдың қыркүйек айында алғаш рет оқу ақысын төлеуге жеңілдіктер алуға онлайн тіркелу іске қосылды. ҚБҚО платформасында барлығы 636 өтініш тіркелді. Комиссия құжаттарды электронды түрде қарады. Студенттер, факультет декандарының орынбасарлары жеке логин және құпиясөз бойынша порталда же-

ңілдікке берілген ұсынымның алдын ала нәтижесін көре алды. Комиссия шешіміне сәйкес 448 білім алушыға оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер берілді. Екінші семестрде 66 студент бұл қызметті проактивті режимде алғанын айта кету керек (ҚБҚО тіркеуші кеңсемен бірлесе отырып, оқу жетістіктері негізінде жеңілдіктер беру мерзімін ұзартуды ұсынды немесе керісінше ұсынбады).

Қашықтықтан білім беру орталығымен бірлесе отырып, «Емтихан сессиясы туралы білім алушыларға арналған анықтама» және «ҚБТ (онлайн немесе офлайн) қолдана отырып, күндізгі қысқартылған нысандағы студенттер үшін емтихан сессиясының форматы» қызметтері іске қосылды. Осы қызметтерді тиісінше 616 және 1106 білім алушы пайдаланды.

2021 жылдың қазан айында «Студенттер үйіндегі орыннан бас тарту» және «Тұруды растау» онлайн қызметтері іске қосылды. 2022 жылдың 31 тамызына дейін жатақханадан орын қажет ететін барлық білім алушыларға тұруға ордер берілген кезде бұл қызметтің тиімділігіне көз жеткізе алдық.



Приложение 6
к Правилам распределения мест
в общежитиях организаций образования
Форма

22090311061
Направление о предоставлении общежитий обучающимся организаций технического и профессионального, послесреднего образования и организаций высшего и (или) послевузовского образования
_____ *Қарағандиқский университет им. академика Е.А.Букетова* _____
Университетская 28
(наименование и адрес организации в УОБ)

Гражданину (-ке) _____ **Әділхан Ақжол** _____
(фамилия, имя, отчество) (при его наличии)
Направление на заселение в общежитие № 2
Адрес общежития **Қарағанда, ул. Университетская, 28**
Предлагаю Вам явиться в период заселения в общежития
Ректор **Дулатбеков Н.О.**
(подпись)

«03» **09** 20**22** г.

«Студенттер үйінен орын беру» қызметін жаңғырту әрбір тұрғынды, оның тұрғылықты мәртебесі (жатақханада тұратыны, тұрмайтыны, одан шығарылғаны) туралы есеп беруге мүмкіндік береді. Карантин кезеңінде деканның тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары есепті коронавирустық науқаспен байланыста болған адамдардың тізімін жасау үшін пайдалана алды. Есептерді жаңғырту қысқа мерзім ішінде Студенттер үйінің тұрғындары туралы барлық қажетті деректерді алуға мүмкіндік берді.

Қоныстандыру процесін цифрландыру үшін Ғылыми кеңестің отырысында (2022 жылғы сәуір) өзгертілген «Студенттер үйі туралы ереже» бекітілді, оған

сәйкес әрбір білім алушы университетпен электрондық шартқа қол қояды. Бұл функция бухгалтерияға тұрғындар қозғалысы туралы мәліметтерді жартылай автоматты режимде алуға мүмкіндік береді.

2021 жылдың желтоқсан айында «Id-карталарды тіркеу» қызметі іске қосылды. Университеттің әрбір білім алушысы мен қызметкері өзінің Id-картасын тіркеуге онлайн өтінім беру мүмкіндігіне ие болды. Id-картасының функциялары:

– білім алушының билеті (студенттік билет, магистрант билеті, докторант билеті);

– қызметтік куәлік;

– кіруді бақылау және басқару жүйесі бар университет нысандарына кіру;

– кітапханаға кіру.

Маркетинг және рекрутинг орталығымен бірлесіп университеттің Id-карталарының үлгісі әзірленді.



Есепті кезеңде 9977 өтінім алынды (оның ішінде 8000-нан астам карта мақұлданып, баспаға берілді). Өткізу жүйесінің жұмыс істеуі үшін барлық карталар КББЖ дерекқорына енгізілген. Кейіннен талапкерлер бұл қызметті «Талапкер» базасынан деректерді біріктіру арқылы белсенді режимде алады.

Түлектер үшін «Кету парағы» және «Жұмысқа жолдама» атты проактивті қызметтерді алу үшін барлық жағдайлар жасалған. Қызметтердің тиімділігі үшін Мансап бөлімімен бірлесе отырып, «Жұмысқа жолдама» қызметі жаңартылды, түлек Қаржы орталығы үшін электрондық жолдама және үзбелі парақ алады.

3.7 Профессор-оқытушылар ұжымының кадрлық құрамы

2021 жылы ПОҚ-тың жалпы саны 1031 адамды құрады, оның ішінде штаттық ПОҚ — 872 адам, 2020 жылмен салыстырғанда оқытушылар саны 93 адамға көбейді, бұл университет сұранысын толық қанағаттандырады.

2021 жылы штаттағы профессор-оқытушылардың үлесі ұжымның жалпы санының 85 %-ын құрады. Есепті кезеңде нақты практикалық тапсырмаларды орындау арқылы білім алушылардың тәжірибелік біліктерін қалыптастыру мақсатында

оқу процесіне қосымша атқарушылар ретінде тәжірибелік жұмыс өтілі бар жетекші ғалымдар мен мамандар тартылды (Қарағанды облыстық соты, Қарағанды қ. Қазыбек би ауданының № 2 аудандық соты, «Атамекен» Қарағанды облысының кәсіпкерлер палатасы, «QazTehna» ЖШС, «Эксперт-Гарант К» ЖШС, ҚР Органикалық синтез және көмір химиясы институты, «Фитохимия» халықаралық ғылыми-өндірістік холдингі» АҚ, Халықтар достығы орденді К.С. Станиславский атындағы Қарағанды мемлекеттік орыс драма театры, «Saryarqa aqparat» ЖШС, «Қазтелерадио» АҚ және т.б.).

2021–2022 оқу жылында педагогикалық жүктемені 59 ғылым докторы, 279 ғылым кандидаты, 90 PhD философия докторы орындады, яғни ғылыми дәрежесі бар ОПК үлесі 49 %-ды құрады. Есепті кезеңде университетте ғылым магистрі академиялық дәрежесі бар 418 оқытушы жұмыс істеді, бұл профессор-оқытушылар құрамының жалпы санының 48 %-ын құрайды.

Өткен оқу жылымен салыстырғанда 2021–2022 оқу жылындағы PhD философия докторларының саны 30 адамға артты.

Есепті кезеңде профессор-оқытушылар құрамының орташа жасы 45 жасты, ғылыми дәрежелері мен атақтары бар оқытушылардың жасы 53 жасты құрады.

Көрсеткіштер	2020–2021 оқу жылы	2021–2022 оқу жылы
ПОҚ саны	919	1031
Олардың ішінде, штаттағы	779 (84,7 %)	872 (84,6 %)
Ғылыми дәрежелері бар	373(47,89)	428 (49.08)
PhD дәрежесі бар	60	90
Магистр дәрежесі бар	379	418
ПОҚ-тың орташа жасы/ ғылыми дәрежелері бар	45/53	45/53

4 ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ

Университеттің өзекті міндеттерінің бірі — ғалымдар жүргізіп жатқан ғылыми зерттеулерді дамыту және жан-жақты қолдау.

Университет ғалымдарының халықаралық жарияланым әлеуеті, инновациялық деңгейі жағынан жоғары, жаңашылдығы мен өзектілігі басым, неғұрлым перспективалы ғылыми зерттеулерін қолдау мақсатында 2021 жылы университет ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған жоғары оқу орны ішіндегі гранттар конкурсын өткізді.

Гранттардың нәтижелері ретінде Қ. Аманжоловты еске алуға арналған облыстық және республикалық деңгейдегі іс-шараларды айтуға болады, «Құқық негіздері» оқу пәні бойынша 9-сыныпқа арналған оқулық әзірленді, «Орталық Қазақстандағы 1931–1933 жылдардағы ашаршылық: себептері мен салдары (мұрағаттар мен естеліктер материалдары бойынша)» тақырыбы бойынша материалдар жинағы жарық көрді.

Материалдар жинағы Macmillan компаниясының назарын аудартып, Springer баспасы арқылы осы жинақты жариялау туралы ұсыныс жасалды. Бұл шетелдік ірі баспа үйлерін тартудағы негізгі қадамдарының бірі.



2022 жылы жоғары оқу орны ішіндегі гранттарды бөлу практикасы жалғастырылды. Конкурстық негізде ғылыми-техникалық қолданбалы зерттеулер жүргізуге 12 грант және университеттің Жас ғалымдар кеңесінің «Ғылымдағы жаңа есім» 5 гранты іріктелді. Байқаудың басты критерийі университет үшін де, Қарағанды өңірі үшін де жобалық жұмыстардың өзектілігі және олардың практикалық құндылығы болды.

Профессор Б.Р. Нүсіпбековтің басшылығымен салынып жатқан технопаркті жылу сорғысымен, жылу энергиясымен қамтамасыз ету үшін жылу алмастырғыштар әзірленіп, құрылуда.

«Разработка и создание теплообменников для обеспечения тепловой энергией технопарка тепловым насосом за счет аккумуляирования тепла от низкопотенциальных источников (грунтовое тепло)»



Профессор К.М. Маханов технопарк зертханаларының жарықтандыру жүйесін интеллектуалды басқару құрылғысын әзірлеуде. Профессор Г.Б. Саржанова жас ғалымдардың жарияланымдық белсенділігін қолдау тетігін құруда. Профессорлар Н.А. Бейсенбекова, Ш.Ш. Жалмаханов Ахмет Байтұрсынұлының мұрасын зерттеп, ағартушылық экспедициялар ұйымдастыруда.



Сондай-ақ басқа да жоғары оқу орындары ішіндегі гранттар шеңберінде Қарағанды өңірінің тарихи-географиялық ерекшеліктері зерттеліп, Қарағанды қаласы мен серіктес қалалардың жасыл желектерінің жай-күйі мен апаттылығын бағалау әдістемесі жасалуда, университет кеңістігі шеңберінде студент жастардың әлеуметтік-мәдени бейімделу мәселелері қаралып, университет кампусында жасыл технологияларды енгізудің кешенді моделі әзірленуде.

Университетшілік гранттарды әзірлеу тәжірибесі біздің ғалымдарымызға гранттық қаржыландыруға арналған Республикалық конкурстарға сәтті қатысуға көмек болғанын атап өткен жөн.

Гранттық қаржыландыру конкурстарының қорытындысы бойынша Ұлттық ғылыми кеңестердің (ҰҒК) шешімдерімен университет ғалымдарының 32 жоба-

сы, оның ішінде жас ғалымдардың 2 жобасы, жас ғалымдардың-постдокторанттардың 10 жобасы, 20 ғылыми-техникалық жоба мақұлданды.



Әлеуметтік-гуманитарлық факультеттер: шет тілдер факультеті, философия және психология факультеті, тарих, педагогика, экономика, заң факультеттері 13 зерттеу бойынша ғылыми жобалардың жоғары деңгейін көрсетті.

Іргелі, қолданбалы және инновациялық зерттеулердің сапасын арттыру университеттің имиджін жақсартуға оның рейтингін көтеруге мүмкіндік береді.

Соңғы төрт жылда университет зерттеушілері жалпы сомасы 1,9 млрд теңгеге екі жүзден астам қаржыландырылатын жобаны іске асырды.


Финансирование НИР

Объем финансирования научных исследований



Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж.К. Тоқаевтың «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлығына сәйкес саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық құқықтық және саяси ақтау жөніндегі республикалық және өңірлік топтар құрылды. Бұл істен университет те қалыс қалмады, тарихи әділеттілікті қалпына келтіру бойынша осы маңызды жұмысқа Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті тарих факультетінің ғалымдары тартылды. Табысты жұмыстың мысалы ретінде Қарағанды облысы Ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ тапсырысын атап көрсетуге болады, соның нәтижесінде университетте Орталық Қазақстан мен оның елді мекендеріндегі тарихи оқиғалар тізбегін зерттеу және қалпына келтіру бойынша пилоттық жоба әзірленіп, іске қосылды (қаржыландыру көлемі 14,952 млн тг.).

Проект по организации и проведению работ по реабилитации жертв политических репрессий в Карагандинской области





Зерттеу нәтижесінде Қарағанды облысында қуғын-сүргінге ұшырағандар туралы қажетті ақпараттардан тұратын жалпыға қолжетімді деректер көзі қалыптастырылады. Бұл шаралардың барлығы қуғын-сүргінге ұшырағандардың есімдерін ақтауға және олардың ұрпақтарына ата-бабалары халық жауы емес екендігі жөнінде жеткілікті негіздеме беруге арналған.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті өңірлік университеттер арасында жарияланым белсенділігі бойынша көшбасшы болып табылады. Біздің ғалымдардың жарияланымдарының жартысы бірінші-үшінші квартиль журналдарындағы жарияланымдардан тұрады.




Публикационная активность





Статьи в квартелях




Зерттеу нәтижелері шетелдік ғалымдар сілтеме жасайтын жоғары рейтингтік басылымдарда жарияланады. 2022 жылдың 1-ші жартыжылдығында халықаралық базаларда ғылыми жарияланымдарға сілтемелердің орташа саны 3,0-ді құрады.

Отандық ғылымды тиімді дамытудың қажетті шарты қазақстандық ғалымдардың ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін танымал ету және оларды әлемдік ғылыми қоғамдастыққа ықпалдастыру болып табылады. Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің ғылыми басылымдарына 10 ғылыми журнал кіреді: «Қарағанды университетінің Хабаршысы» журналының 9 сериясы және «Eurasian Physical Technical Journal».

Университеттің барлық журналдары ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын басылымдар тізіміне кіреді.

2021 жылдың қорытындысы бойынша «Қарағанды университетінің хабаршысы. Химия сериясы» журналы Scopus-та индекстеле бастады. Scopus деректер базасындағы журналды индекстеу оның әлемдік стандарттарға сәйкестігін растайды және журналдың редакциялық алқасы мен бүкіл университеттің маңызды жетістігі болып табылады.

Осылайша, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің 5 журналы Scopus және Web of Science базаларында индекстеледі.



Clarivate компаниясының жаңа есебіне сәйкес Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің үш ғылыми журналы Bulletin of the university of Karaganda-chemistry, Bulletin of the university of Karaganda-physics, Bulletin of the Karaganda university-mathematics JCI ғылыми өлшемдік көрсеткіштерін иеленді және Q4 квантиліне енгізілді.


Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде ғылыми кадрларды даярлауға көп көңіл бөлінеді. Биыл Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің базасында қорғаған PhD докторларына алғаш рет жеке үлгідегі 19 диплом табыс етілді. Бұл Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің докторантурасында оқыған 10 әріптес, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде және М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінде оқыған 9 адам.



Вручение дипломов докторам PhD



Университет зияткерлік меншікті қорғауға ерекше назар аударады. Есепті кезеңде университет ғалымдары пайдалы модельдер мен өнертабыстарға 11 патент, тауар белгісіне 1 куәлік, 68 авторлық куәлік алды. Барлық авторлармен қызметтік туындыны пайдалануға шарттар жасалды.



- Авторские свидетельства
- Договора на использование служебного произведения

За отчетный период получено:
 -11 патентов на полезную модель и изобретение
 -68 авторских свидетельств
 -75 договоров на использование служебного произведения



Бүгінгі таңда университетте жобаларды құру, ілгерілету және коммерцияландыру бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Университеттің жас ғалымдарының жетістігінің жарқын мысалы ретінде биология-география факультетінің докторанты А.Т. Серікбайдың Қарағанды қаласы әкімінің жастар кәсіпкерлігін дамытуға және қолдауға 1,5 млн. теңге көлемінде грант беру конкурсында жеңіске жетуін атауға болады.

Победитель гранта Акима г. Караганды на развитие и поддержку молодежного предпринимательства



КАРАГАНДА ҚАЛАСЫ АКИМНИҢ ГРАНТТЫҢ АЛУҒА ЖАСТАР ҚИСТЕЛЕРІНІҢ ДАМУ ТҮЖІСІ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ АРНАЛҒАН КОНКУРСЫҢЫҢ ЖЕҢІЛІСІ	
ПОБЕДИТЕЛИ КОНКУРСА НА РАЗВИТИЕ И ПОДДЕРЖКУ МОЛОДЕЖНОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА	
ОАҚ ВИКТОРИЯ ОЛЕГОВНА ОМОНУ АЙӨЗІ – БІР МЕН ЖҮМІСІДЕ АРНАЛҒАН СПОРТТЫҚ КИМНІ ЖАҒА ФОРМАТТЫ ӨНГІ АРУ	АСКАРОВ ТӨХТАР ҒАБДІЛЛАЕВИЧ ҚАСАДТЫ ТЕРМОЗАЙЫЛДЕР ТУЖЫРМАДАМАСЫ
ОМОНУ АЙӨЗІ – ПРОКЕССИОНАЛДЫҚ ФОРМАТТА СПОРТТЫҢ ӨЗГЕЖІСІ ДІЯ ЖҮМІСІ РАЙЕТ	МАХАНОВ МАҚСАТ САЙРАНОВИЧ ТАНДЫР ИОНАР ҒА СОС-СІ ГИЛЬ
САНАУБАЕВ БОЛАТ СЕРИКОВИЧ ФИТНЕС КЛУБЫНЫҢ АШЫЛУ	МАХАНСЕТОВ ЕРСҮЛТАН ЕРКЕБЕКВИЧ ҰЛТТЫҚ ВЕНЧ МЕНТЭЗІ
БАЙҚОНОВА ДАУРИЯ БЕЙБИТОВНА ПЕДОЛОГИЯ ОРТАЛЫҢЫ	ШКОЛА НАЦИОНАЛЬНЫХ КОУССЕТ
ҚОЗДЫҚАЛ ҚОЗ – КӨСІРТУ	СЕРИКБАЙ АРАЙЫМ ТАЛҒАТҚЫЗЫ БЕРИМУЛЬТУРА ӨДІСІМЕН БИОГУМУС АЛУ БОЛЫҢДА МОДЕЛЬДІК УЧАСҚ ҚУРУ ЖӘНЕ ЖАСТАР ТӘЖІРІБЕН ТАРАТУ
ҚАДЫЛБЕКОВА ХАЛИДА МҰРАТЖАНҚЫЗЫ TIMBLE #10 OPS КУРЯТҚЫЗЫНЫҢ КИМЕТІМЕН ГЕОДЕЗИЯЛЫҚ ЖҮМІСТАР	СӨЗДІКІНЕ МОДЕЛЬДІК УЧАСҚА ПОЛУЧЕНИЮ БИОГУМУСА МЕТОДОМ МИККУЛЬТУРЫ И РАСПРОСТРАНЕНИЮ ОПЫТА ДІЯ МОЛОДЕЖИ
ГЕОДЕЗИЯСЫ ЖҮМІСТАР	ОПЫТА ДІЯ МОЛОДЕЖИ
ҚАЙНАРБЕК АБЫЛАЙ МЕТАЛЛОГРАФИЯЛЫҚ ПРОТЕЗДЕР ЖАСАУ	НИКАРБЕКОВА ПЕРИЗАТ МЕРҒАНОВНА ЕКІНШІ ҚИЫСТЫҚ ЦЕНТРДІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ОРТАЛЫҒЫНЫ АШЫЛУ
КӨСІРТУСІМЕН МЕТАЛЛОГРАФИЯСЫ	ПРОТЕЗДЕР
ЖҮМІСІ	ОПЫТТЫҚ ЦЕНТРДІК ЦЕНТРА ЦЕНТРАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ И ЧРВОБРЕК



Университетте біздің студенттердің стартап-идеяларын қалыптастыру және іске асыру үшін барлық жағдайлар жасалған. Соңғы 3 жылда университетте жыл сайын 5 000 000 теңгеден астам сомаға 17 стартап-жоба іске асырылуда.

5 БАСПА ҚЫЗМЕТІ

Университеттегі баспа қызметі білім беру процесін оқытудың барлық нысандары бойынша оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз ету, оқытушылар мен қызметкерлердің жарияланымдық белсенділігін арттыру және ғылыми әлеуетін дамыту, сондай-ақ іс қағаздарын жүргізу үшін полиграфиялық және қызметтік құжаттаманы басып шығару міндеттерін іске асырумен тікелей байланысты.

Есепті кезеңде полиграфиялық жабдық пен лицензиялық жасақтаманы сатып алуға **19 млн теңгеден** астам қаражат жұмсалды.

Приобретено полиграфическое оборудование и лицензионное программное обеспечение на сумму 19 702 888 тг., в том числе:

- Проволокошвейная машина - 1 333 888 тг.;
- Кашировально-переплетная машина - 15 904 000 тг.;
- Лицензионное программное обеспечение - 2 465 000 тг.



Проволокошвейная машина




Кашировально-переплетная машина

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-тың оқу және ғылыми әдебиеттерді басып шығару және коммерциялық тарату туралы ережеге сәйкес университет оқытушыларының оқу және ғылыми жарияланымдары университет есебінен басылып, Ғылым департаменті арқылы басқа ұйымдардың өтінімдері бойынша сатылады.

Оқу және ғылыми басылымдардан басқа университет мынадай кітаптарды басып шығарды:

- **«Қасым тағылымы» (2 томдық)**. Авторлары: Ж.Ж. Жарылғапов, Ж.Қ. Смағұлов, А.А. Мырзахметов, А.Қ. Қайырбекова, Е. Балташұлы.
- **«Қасым Аманжолов, библиографиялық көрсеткіш»**. Авторлары: С.Жұмағұл, Е. Тілешов, С. Телпекбаева, Ж. Жарылғапов;
- **«Повесть о кубинце»**. Авторы — Дариға Аманжолова;

- Естелік кітабы «Қалдырған ізі мәңгілік — Вечно имя доброе...», редакциялық алқа;
- «Орталық Қазақстандағы 1931–1933 жылдардағы ашаршылық: архивтік құжаттар мен естеліктер жинағы», редакциялық алқа;
- «Қара орамал» (поэма-реквием) 16 тілде. Авторы — Ғ. Жайлыбай;
- «Центрально-Казахстанское отделение Национальной академии наук Республики Казахстан: история создания и развития». Авторы — А.М. Газалиев.



«Біртуар Бөкетов» (авторы М. Сәрсек) кітабы бойынша жұмыс жүргізілуде, басылым 2022 жылдың желтоқсан айында шығады деп жоспарлануда.

2021–2022 оқу жылында өндіріс көлемінің өсуі байқалады, шығарылатын өнім ассортименті кеңейді (көркем әдебиет кітаптары, адрестік папкалар, буклеттер, қойын дәптерлер, дипломдар, конференцияларды үлестірме материалмен қамтамасыз ету және т.б.).

Сонымен, университет үшін көрсетілген баспа-полиграфиялық қызметтер көлемі 2 есеге (132 %-ға) артты.



2017–2018 оқу жылымен салыстырғанда ақылы негізде көрсетілетін қызметтер көлемі 4 есеге (302 %-ға) артты, бұл баспаның университеттің бас ғимаратына көшірілуіне, студенттердің offline оқытуға ауысуына, білім алушылар мен оқытушыларға арналған баспа өнімдерінің жаңа ассортиментінің шығарылуына байланысты болып отыр.

6 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

6.1 Халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жоғары оқу орындары тиімділігінің түйінді көрсеткіштерінің бірі ретінде интернационалдандыру деңгейін айқындайды. 2020 жылы «2020–2025 жылдарға арналған интернационалдандыру стратегиясы» бекітілді, оның басты мақсаты қызметтің барлық салаларында жоғары халықаралық деңгейге қол жеткізу және QS нұсқасы бойынша әлемдегі үздік 500 университеттің қатарына кіру болып табылады. Университеттің Интернационалдандыру стратегиясының негізгі міндеттері төменде көрсетілген.



Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті 150 шетелдік жоғары оқу орнымен және ұйымдармен серіктестік қарым-қатынас орната алды. 2021 жылғы қыркүйек пен 2022 жылғы тамыз аралығында университет АҚШ, Италия, Ресей, Түркия, Өзбекстан, Венгрия, Словакия және т.б. елдердің жетекші жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық туралы 24 шарт жасасты. Университет Еуропа, Солтүстік Америка және ТМД елдерінің жоғары оқу орындарымен белсенді түрде бірлескен жұмыс жүргізуде.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің серіктес жоғары оқу орындары арасында QSWUR рейтингінің ТОП-500, QS EЕСА рейтингінің ТОП-100 құрамына кіретін 10 шетелдік университет бар. Университет факультеттері мен QSWUR рейтингінің ТОП-500 құрамына кіретін шетелдік серіктес жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастық бағыттары.

Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова состоит в партнерских отношениях со **150** зарубежными вузами и организациями

ВУЗЫ-ПАРТНЕРЫ ВХОДЯЩИЕ В ТОП-500 РЕЙТИНГА QS WUR

- Гонконгский политехнический университет – 75 позиция
- НИ Томский государственный университет – 250 позиция
- Карлов университет – 260 позиция
- Новосибирский государственный университет – 346 позиция
- Белорусский государственный университет – 317 позиция
- Российский университет дружбы народов – 326 позиция
- НИ Томский политехнический университет – 387 позиция
- Технологический университет Петронас – 439 позиция

ВУЗЫ-ПАРТНЕРЫ ВХОДЯЩИЕ В ТОП-100 РЕЙТИНГА QS EESA

- Университет Бабеш Боляй – 40 позиция
- Университет Адама Мицкевича в Познани (Польша) – 54 позиция
- Технический университет в Остраве – 74 позиция
- Университет Александру Иоана Куза в Яссах (Румыния) – 81 позиция
- Силезский университет в Катовице – 86 позиция
- Университет Томаша Бати в Злине – 87 позиция

Ынтымақтастықтың негізгі бағыттарына қос диплом бағдарламалары, академиялық ұтқырлық, ОПК біліктілігін арттыру, ғылыми тағылымдамалар, докторантура білім алушыларының ғылыми жұмыстарына жетекшілік ету, бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу, жарияланымдар, бірлескен іс-шаралар өткізу және тағы басқалар кіреді.

Университеттің Еуроодақ және АҚШ елдерінің Елшіліктерімен ынтымақтастығы да қарқынды дамып келеді. Осылайша, 2022 жылғы 31 мамырда Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арналған іс-шараға Еуроодақтың 30 елінен елшілер шақырылды.

Университеттің серіктес ұйымдарының саны соңғы үш жылда тұрақты өсуде. Әлемдік рейтингтерге кіретін серіктес университеттердің саны артып келеді. Шетелдік ұйымдармен ынтымақтастықтың даму динамикасы төменде келтірілген.

В период с сентября 2021 г. по август 2022 г. университетом было заключено 24 новых договора

- ✓ Университет Минью (Португалия) – 591 позиция;
- ✓ Белорусский государственный университет (Беларусь) – 317 позиция;
- ✓ Новосибирский государственный университет (РФ) – 228 позиция

QS WORLD UNIVERSITY RANKINGS



100 БЕЛОРУССКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ



6.2 Академиялық ұтқырлық

Жоғары білім беруді интернационалдандырудың негізгі көрсеткіштерінің бірі білім алушылар мен оқытушылардың кіріс және шығыс академиялық ұтқырлығы болып табылады.

Академиялық ұтқырлық шеңберінде шетелде оқыту:

- республикалық бюджет қаражаты есебінен;
- жоғары оқу орны қаражаты есебінен;
- білім алушылардың жеке қаражаты есебінен;
- жұмыс берушілердің, әлеуметтік, академиялық және ғылыми әріптестердің гранттары, халықаралық және отандық қорлар мен стипендиялар есебінен жүзеге асырылады.

Виды финансирования академической мобильности



НАО «КАРАГАНДИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АКАДЕМИКА Е.А. БУКЕТОВА»



Общее количество участников программы академической мобильности:

в **2020-2021** учебном году - **258** студентов

в **2021-2022** учебном году - **536** студентов


Внешняя исходящая мобильность	Внешняя входящая мобильность	Внутренняя исходящая мобильность	Внутренняя входящая мобильность
185 студентов в вузы США, Польши, Чехии, Греции, Румынии, Литвы, Российской Федерации и КНР	56 студентов из вузов Италии, Российской Федерации и Узбекистана	104 студентов в вузы РК	191 из вузов РК

2021–2022 оқу жылының күзгі семестрінде 7 студент республикалық бюджет қаражаты есебінен Еуропаның жоғары оқу орындарында білім алды. Қазіргі кезде Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетіне ағымдағы оқу жылына министрлік тарапынан бөлінген қаражат есебінен 18 студенттің шетелге баруы жоспарлануда.

Жалпы, **сыртқы шығыс** академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында 2021–2022 оқу жылында университеттің 185 студенті Мюррей мемлекеттік университеті, Адам Мицкевич университеті, Гданьск университеті, Бабеш Боляй университеті, Вильнюс университеті, Витаутас Магнус университеті, Аньшань педагогикалық университеті, Шихэцзы университеті, Кастамону университеті, И. Кант атындағы Балтық федералды университеті, Алтай мемлекеттік университеті, Максим Танк атындағы Беларусь мемлекеттік педагогикалық университеті, О.Е. Кутафин атындағы Мәскеу мемлекеттік заң университеті, Ташкент мемлекеттік экономикалық университеті, Томск политехникалық университеті, Орал мемлекеттік экономикалық университеті, Башқұрт мемлекеттік университеті, Ташкент мемлекеттік көлік университеті, Томск мемлекеттік педагогикалық университеті сияқты жоғары оқу орындарында білім алды.

Университетіміздің 5 студенті Ұлы Витаутас университетінде (Литва) ұтқырлық бағдарламасы аясында оқу үшін ай сайын 460 еуро мөлшерінде төленіп тұратын Литва мемлекеттік стипендиясын жеңіп алды. Жалпы, әртүрлі елдерден келген студенттерге небәрі 20 грант бөлінгенін айта кеткенді жөн санаймыз.

ДИНАМИКА РАЗВИТИЯ ВНЕШНЕЙ АКАДЕМИЧЕСКОЙ МОБИЛЬНОСТИ



Академиялық алмасудың виртуалды форматы университетте сынақтан сәтті өтіп, өзгерген жағдайда университеттің бәсекелестік артықшылықтарын күшейтуге мүмкіндік берді. Қашықтықтан оқыту сыртқы кіріс академиялық ұтқырлықты дамытуға ықпал етеді. Қазіргі уақытта шетелдік студенттер үшін қашықтықтан оқытудың артықшылықтары айқын көрініп, біздің университетіміздің негізгі се-

ріктес жоғары оқу орындарының көпшілігі студенттерді, профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерді қашықтықтан форматта қабылдауға дайын екендіктерін растады.

Сыртқы кіріс ұтқырлығы аясында біздің университетте 2021–2022 оқу жылында Неапольдағы Л. Ориентале университетінің (Италия), Алтай мемлекеттік университетінің (РФ), Алтай мемлекеттік педагогикалық университетінің (РФ), Ташкент мемлекеттік экономикалық университетінің (Өзбекстан) және басқа жоғары оқу орындарының 56 студенті оффлайн форматта да, қашықтықтан оқыту әдісін қолдана отырып та білім алды.

Ішкі кіріс академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында есепті жылы біздің университетте республикамыздың 11 жоғары оқу орнынан **191** студент білім алды. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті **ішкі шығыс** академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша **104** білім алушыны Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, сондай-ақ А. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті тәрізді жоғары оқу орындарына жіберді.

Жоғары оқу орны қаражаты есебінен қаржыландырылып, академиялық ұтқырлық шеңберінде оқитын студенттердің үлесі «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-тың 2020–2025 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспарының көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Осыған байланысты, 2021–2022 оқу жылында 13 білім алушыға Румыния мен Түркияның жоғары оқу орындарында оқу үшін университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен қаржылық қолдау көрсетілді. 2022–2023 оқу жылында бұл көрсеткіш айтарлықтай өседі: факультеттердің ұсынысы негізінде 43 білім алушының академиялық ұтқырлық аясында білім алуы университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен қаржыландырылады деп жоспарлануда.

Университеттің профессор-оқытушылар құрамы да академиялық ұтқырлық бағдарламасына белсенді қатысады. 2021–2022 оқу жылында академиялық ұтқырлық шеңберінде біздің университет пен Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, А. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті арасында оқытушылар алмасу жүзеге асырылды.

6.3 Университеттің профессор-оқытушылар құрамының халықаралық жобаларға қатысуы

Қазіргі уақытта академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде халықаралық қорлар мен ұйымдар қаржыландыратын жобалар іске асырылуда. Халықаралық жобаларды іске асыруға физика-техникалық, экономикалық, тарих, химия, математика және ақпараттық технологиялар мен шет тілдері факультеттері белсенді қатысуда.

УЧАСТИЕ ППС УНИВЕРСИТЕТА В МЕЖДУНАРОДНЫХ ПРОЕКТАХ

- **Международный проект ENTER** «Педагогическая подготовка преподавателей инженерного дела» в рамках Эразмус+ финансируемый Европейским союзом
- **Международный проект KazDUAL** «Внедрение дуальной системы в Казахстане» в рамках Эразмус+ финансируемый Европейским Союзом
- **6 образовательных проектов** для проведения фундаментальных исследований в сфере образования и гуманитарной коммуникации в Центральной Азии совместно с **Университетом Шихэцзы**
- **Международный научный проект** «Каталитическая гидрогенизация тяжелого углеводородного сырья» совместно с **Синьцзянским университетом**

2021–2022 оқу жылында 9 халықаралық жоба іске асырылды, оның ішінде 6 ғылыми жоба Орталық Азиядағы білім беру және гуманитарлық коммуникация саласында зерттеулер жүргізу үшін ҚХР Шихэцзы университетімен бірлесіп жүргізілді, ҚХР Шыңжаң университетімен бірлесе отырып, «Ауыр көмірсутек шикізатын каталикалық гидрогенизациялау» жобасы, Эразмус+ бағдарламалары шеңберінде Инженерлік бейіндегі бағдарламалар оқытушыларын педагогикалық даярлау атты ENTER жобасы мен Қазақстанда дуалды жүйені енгізу KazDUAL жобасы жүзеге асырылуда.

6.4 Қос дипломды және бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыру

2021 жылы университетте 6 бірлескен білім беру бағдарламасы, оның ішінде 5 қос дипломды білім беру бағдарламасы жүзеге асырылды. Серіктес жоғары оқу орындарының қатарында Қазақстан мен Ресей Федерациясының университеттері бар, олар: Қарағанды медицина университеті, «МИФИ» Ұлттық зерттеу ядролық университеті, Томск мемлекеттік басқару жүйелері және радиотехника университеті, Новосібір мемлекеттік педагогикалық университеті:

1) 6В10202 — Клиникалық психология бірлескен бағдарламасы (серіктес — Қарағанды медицина университеті);

2) 5В011900-Шет тілі: екі шет тілі қос диплом бағдарламасы (серіктес — Новосібір мемлекеттік педагогикалық университеті);

3) 12.04.03 «Фотоника және оптоинформатика» қос диплом бағдарламасы (серіктес — «МИФИ» Ұлттық зерттеу ядролық университеті); 7М07105 «Байланыс жүйелерінің электроникасы және телекоммуникациялық технологиялар», 7М05401 «Математика», 7М05301 «Химия», 7М07108 «Нанотехнология және наноматериалдар» білім беру бағдарламаларының магистранттары оқиды;

РЕАЛИЗАЦИЯ ДВУДИПЛОМНЫХ И СОВМЕСТНЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ

Двудипломные
и совместные
образовательные
программы

«Менеджмент» (бакалавриат, магистратура), Магистр делового администрирования (магистратура) совместно с Высшей школой бизнеса Национального университета Луис (г. Новы-Сонч, Польша);

«Экономическая безопасность» (магистратура), «Квантовая метрология и оптоинформатика» (магистратура), «Противодействие отмыванию доходов и финансированию терроризма» (магистратура) совместно с Национальным исследовательским ядерным университетом «МИФИ»;

Химическая технология, Инжиниринг в биотехнологических и фармацевтических производствах (магистратура) совместно с НИ Томским политехническим университетом;

Фундаментальная и прикладная химия веществ и материалов (магистратура) совместно с Томским государственным университетом;

Профессиональная подготовка специалистов в области преподавания немецкого языка на основе программы филиала «Гете-Института в Казахстане», которая предусматривает внедрение дисциплины «Учимся обучать немецкому» в программу бакалавриата по направлению «Подготовка учителей иностранных языков»;

Мехатроника и робототехника (магистратура) и Инноватика (магистратура) совместно с Томским государственным университетом систем управления и радиоэлектроники.

4) 15.04.06 Мехатроника және роботтехника қос диплом бағдарламасы (серіктес — Томск мемлекеттік басқару жүйелері және радиотехника университеті); 7М05303 «Техникалық физика» білім беру бағдарламаларының магистранттары оқиды;

5) 38.04.01 «Экономика» қос диплом бағдарламасы (серіктес — «МИФИ» Ұлттық зерттеу ядролық университеті); 7М01503 «Информатика», 7М04104 «Менеджмент», 7М04105 «Іскерлік әкімшілендіру», 7М04204 «Қылмыстық кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік» білім беру бағдарламаларының магистранттары оқиды;

6) 38.04.01 «Экономикалық қауіпсіздік» қос диплом бағдарламасы (серіктес — «МИФИ» Ұлттық зерттеу ядролық университеті); 7М04105 «Іскерлік әкімшілендіру», 7М04109 «Қаржы», 7М05401 «Математика», 7М04101 «Экономика», 7М04107 «Есеп және аудит», 7М04110 «Экономикалық қауіпсіздік», 7М06102 «ІТ-кәсіпкерлік және цифрлық экономика» білім беру бағдарламаларының магистранттары оқиды.


2021 жылы «Шет тілі мұғалімдерін даярлау» бағыты бойынша бакалавриаттың білім беру бағдарламасына енгізілген «Қазақстандағы Гете-Институт» бағдарламасы негізінде неміс тілін оқыту саласында мамандарды кәсіби даярлау туралы шарт жасалды.

6.5 Шетелдік мамандарды тарту

Білім беру және ғылыми процестерді интернационалдандыруды арттырудың негізгі индикаторларының бірі шетелдік мамандардың үлесін арттыру болып табылады.

ПРИВЛЕЧЕНИЕ ИНОСТРАННЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ


В 2021-2022 учебном году были приглашены **37** зарубежных преподавателей, из них:



ПРИВЛЕЧЕНИЕ ИНОСТРАННЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ

2019-2020 учебный год


Общее количество: 10



- средства республиканского бюджета
- международные гранты

2020-2021 учебный год


Общее количество: 24



- внебюджетные средства университета
- международные гранты

2021-2022 учебный год

Общее количество: **37**



- внебюджетные средства университета
- средства республиканского бюджета
- международные гранты

В 2021-2022 учебном году впервые за счет внебюджетных средств университета были приглашены 28 зарубежных преподавателей

2021–2022 оқу жылында қонақ дәрістерін оқуға 37 шетелдік оқытушы шақырылды, оның ішінде:

АҚШ, Польша, Румыния, Венгрия, Финляндия, Грекия, Түркия, Ресей, Беларусь елдерінен 28 оқытушы университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен;

РФ, Украина елдерінен 6 оқытушы республикалық бюджет қаражаты есебінен;

Италияның Қазақстандағы елшілігінің демеушілік көмегі есебінен 1 итальян тілі оқытушысы (Италия);

Қазақстандағы Түркия елшілігімен ынтымақтастық аясында 1 түрік тілінің волонтер оқытушысы (Түркия)

Қазақстандағы Польша елшілігімен ынтымақтастық шеңберінде 1 поляк тілінің волонтер оқытушысы (Польша).

Ағымдағы оқу жылында университет қаражаты есебінен шетелдік ғалымдарды шақыру тәжірибесі жалғасуда және 2022 жылғы қыркүйекте «Жоо қаражаты есебінен 2022 күнтізбелік жылға шетелдік ғалымдарды шақыру жоспары» бекітілді, оған сәйкес онлайн форматта қонақ дәрістерін оқу үшін АҚШ, Еуропа, ТМД елдерінен 47 оқытушыны тарту көзделген.

Сонымен қатар, 2022 жылы университетке республикалық бюджет қаражаты есебінен 8 шетелдік ғалымды шақыру жоспарлануда.

АҚШ-тың Қазақстандағы елшілігімен ынтымақтастық аясында ағымдағы оқу жылының қыркүйек айынан бастап университетте «Фулбрайт» бағдарламасы бойынша Америкадан келген оқытушы жұмыс істейді. Қазақстандағы Түркия елшілігінің демеушілік көмегі есебінен шет тілдер факультетінде Түркия елінің 2 оқытушысы түрік тілін оқытады. Университетімізде итальян және поляк тілдерінің волонтер оқытушылары жұмыстарын жалғастыруда.

7 АҚПАРАТТЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ. КІТАПХАНА РЕСУРСТАРЫН ДАМЫТУ

Есепті кезеңде Ақпараттық технологиялар және телекоммуникациялар орталығының қызметі келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

- 1) техникалық қамтамасыз ету;
- 2) бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу және сатып алу;
- 3) университеттің IT-инфрақұрылымын дамыту;
- 4) монтаждау және жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары;
- 5) серверлік инфрақұрылымды дамыту.



Университеттің факультеттерімен және құрылымдық бөлімшелерімен жүргізілген жұмыс барысында университеттің оқу және бизнес-процестерін қамтамасыз ету үшін қажетті компьютерлік және мультимедиалық құралдардың тізбесі келісілді:

Жабдық түрі	Құны (миллион теңге)
Көшіру техникасы	8,3
Компьютерлер	27,5
Интерактивті тақталар	16
Барлығы	51,8

Ағымдағы жылы компьютерлік, көшіру және мультимедиялық техника мен интерактивті жабдықтарды сатып алуға жұмсалған қаржы көлемі **51,8 млн теңгені** құрады.



Сонымен қатар, химия факультеті үшін химиялық процестерді модельдеу үшін заманауи компьютерлік зертхана сатып алынды. Зертхана жиһазбен, соңғы үлгідегі жоғары өнімді компьютерлермен және ауа баптау жүйесімен толық жабдықталған. Зертхананың құны **13,7 млн. теңгені** құрайды.

Қазіргі уақытта **11,3 млн. теңге** сомасына цифрлық экономиканың компьютерлік зертханасын жарақтандыру жұмыстары жүргізілуде.

8,5 және 5,5 млн. теңгеге биология-география және тарих факультеттеріне арналған заманауи лингафондық кабинеттер сатып алынды.

Есепті кезеңде университеттің бизнес-процестерін автоматтандыру үшін бағдарламалық жасақтама әзірленді, ол қаржылық өтінімді қалыптастыруды, тәуекелдер тіркелімін, оқытушыларды аттестаттауды қамтыды. Оқу процесі үшін прокторинг жүйесі енгізілді, онлайн олимпиадаларды өткізуге арналған сайт әзірленді, практиканың электрондық журналы жасалды, қабылдау комиссиясы үшін

әңгімелесудің электрондық хаттамасы әзірленді, білім алушыларды ауыстыру, оқудан шығару, қайта қабылдау қызметтері бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Сондай-ақ, оқу процесін қамтамасыз ету үшін бағдарламалық жасақтама сатып алынды.

№	Бағдарламалық жасақтама	Қаржыландыру көлемі (миллион теңге)
1	Zoom	2,8
2	Proctor EDU	4,1
3	Office 365	12,7
4	Dr. Web	8,5
5	ИС «Платонус»	5
Барлығы		33,1



Қаржы шығындарының көлемі **33,1 млн. теңгені** құрады.

Сатып алынған Office 365 бағдарламалар пакеті оқытушыларды да, барлық деңгейдегі білім алушыларды да лицензиялық бағдарламалық жасақтамамен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді (*осылайша университет оқу кезеңінде оқушыларға түскен қаржылық салмақты азайта алады*). Office 365 ағымдағы жылдың қазан айының басында іске қосылады деп күтілуде.

Университетті цифрландыру мақсаттарының бірі студенттер мен қызметкерлердің қауіпсіздігін арттыруға бағытталған инфрақұрылымды дамыту болып табылады. Есепті кезеңде бейнебақылау жүйесін және кіруді бақылау және басқару жүйесін дамыту бойынша жұмыстар жүргізілді, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің талаптарына сәйкес бейнебақылау камералары 5 және 6 Студенттер үйлерінде, оқу аудиторияларында және университет периметрі бойынша қосымша орнатылды. Бақылау камераларынан алынған бейне Қарағанды қаласының Жедел басқару орталығына (ЖБО) жіберіледі. Университет бойынша 500-ден астам бейнебақылау камерасы орнатылған.

Қауіпсіздік деңгейін күшейту үшін барлық Студенттер үйлерінде және университеттің 3, 4, 8 корпусарында, сондай-ақ Студенттер сарайында верификация модулі бар кіруді бақылау және басқару жүйесінің қамту көлемі кеңейтілді. Жеткізуші қызметкерлер үшін тренинг жүргізді. Қаржыландыру көлемі **24,5 млн. теңгені** құрады.

Университет студенттердің оқу уақытынан тыс уақытта кампуста болуына ерекше көңіл бөледі. Цифрландырудың жол картасы аясында Студенттер үйлерінде оқу мен демалуға қолайлы жағдай жасау үшін инфрақұрылымдық жұмыстар

жүргізілуде. Мәселен, № 7 Студенттер үйінің аймағын толық қамтитын Wi-Fi сымсыз желісі құрылды. Осыған байланысты қараша айының соңына дейін № 1 және № 2 Студенттер үйлерін Wi-Fi желісімен толық қамтамасыз ету жұмыстары жүргізіледі.



Жобаны іске асыруға жұмсалатын қаржы шығындарының көлемі **34,1 млн.теңгені** құрады.

Жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары барысында Студенттер үйлерінде құлақтандыру жүйесі қалпына келтірілді. Сондай-ақ, университет бойынша компьютерлік техниканы жөндеу, қызмет көрсету және ақпараттық-есептеу желісін жетілдіру жұмыстары жүргізілді. Жиынтықтаушы және шығыс материалдарына жұмсалған қаражат көлемі **19,6 млн. теңгені** құрады.



Ескірген компьютерлік техника жаңартылды.

Оқу корпусы	Кабинет	Қаржыландыру көлемі (миллион теңге)
1	415	2,7
2	301, 323, 310, 312, 315, 510	
3	303, 318	
4	207, 314	
8	217, 218	
11	112, 213	
6	304, 402, 204, 209	
Шығыс және жиынтықтаушы материалдар		19,6
БАРЛЫҒЫ		22,3

Есепті кезеңде университетте «Ақпараттық қауіпсіздік бөлімі» құрылымдық бөлімшесі құрылды. Цифрландырудың жол картасын іске асыру шеңберінде 11.04.2022–11.06.2022 аралығында жаңа бөлім **11,2 млн. теңге** сомасына ақпараттық қауіпсіздік жағдайына тәуелсіз сыртқы аудит жүргізді, оның барысында есеп жасалып, инфрақұрылымды ақпараттық қауіпсіздік нормаларына сәйкестендіру бойынша міндеттер тізбесі айқындалды. Аудит нәтижелері бойынша семинар өткізілді, онда банктер мен облыстың ІД өкілдерінің қатысуымен студенттер мен қызметкерлер арасында киберқылмыс пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл бойынша хабардарлық деңгейін арттыру мәселелері қаралды. Семинар YouTube платформасында көрсетілді.






Жүргізілген аудит нәтижелері бойынша 2022 жылдың соңына дейін серверлік инфрақұрылым мынадай жабдықтармен толықтырылуы тиіс:

№ п/п	Жабдық	Қаржыландыру көлемі (миллион теңге)
1	Дизель-генераторлық қондырғы	13,5
2	Автоматтандырылған өрт сөндіру жүйесі	3
3	Серверлік бөлмені баптау	11,3
4	Бейнебақылау сервері (ҚБТ)	8,5
5	Есептеу сервері (химия факультеті)	14,9
6	Виртуалдау жүйесінің сервері	12,5
7	Файлды сақтау сервері (ҚБТ)	5
Барлығы		68,7

Бұл ұзақ мерзімді инвестиция, ол университеттің ақпараттық-цифрлық ресурстарының жұмыс істеуі үшін сенімді негіз болып, барлық инфрақұрылымның жұмыс тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Төмендегі суретте цифрландыруға арналған шығыстар динамикасы көрсетілген, егер 2020–2021 оқу жылында **126,3 млн. теңге** жұмсалған болса, 2021–2022 оқу жылында шығындар көлемі өсіп, **284,7 млн. теңгені** құрады.




Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Ғылыми кітапханасының 2021–2022 оқу жылындағы қызметі университеттің білім беру және ғылыми қызметін оқу және ғылыми әдебиеттермен, сондай-ақ ғылым, білім, мәдениет саласындағы соңғы жетістіктер туралы ақпаратпен уақтылы қамтамасыз етуге бағытталған. Оқу жылы ішінде кітапхана қорын дамыту жұмыстары жалғастырылды.

Кітапхананың қоры 1 807 579 дана ғылыми, оқу, оқу-әдістемелік және көркем әдебиетті құрайды. Кітап қорында монографиялар, ғылыми конференция материалдары, ғылыми мақалалар жинақтары, диссертация авторефераттары, сөздіктер, анықтамалықтар, энциклопедиялар, ғылыми журналдар бар.



Қордың тілдер және басылым түрлері бойынша құрылымы



Кітапханаға жыл сайын 30 мың дана кітап пен журнал келіп түседі.

Кітапхана қоры университеттің профессор-оқытушылар құрамымен бірлесіп қалыптастырылды. Есепті кезеңде жалпы сомасы 19 115 471 теңгеге 3 788 дана кітап сатып алынды.

Факультеттер бойынша әдебиеттерді сатып алу

Факультет	Саны	Сомасы
Заң	705	3 973 157
Филология	845	3 277 551
Биология-география	462	2 553 397
Шет тілдер	135	1 815 359
Математика және ақпараттық технологиялар	252	1 576 618
Педагогика	313	1 316 980
Экономика	200	1 023 784
Философия және психология	266	981 455
Тарих	193	804 907
Химия	198	685 206
Физика-техникалық	143	709 159
Әскери кафедра	43	206 010
Дене шынықтыру және спорт	33	191 888
Барлығы:	3 788	19 115 471

Кітапханаға келіп түскен профессор-оқытушылар құрамының 2 мыңнан астам еңбегі академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде жарық көрді. Сондай-ақ, оқу жылында кітапхана қоры түрлі ұйымдардың сыйға тартқан 3 мың басылымымен толықты. Университетке шетелдік студенттерді тарту мақсатында кітапхана өз қорын әлемнің жетекші университеттерінің ағылшын және басқа да тілдерде шыққан әдебиеттерімен толықтыруда.

24 091 889 теңге сомасына 685 мерзімді басылымға жазылу жүзеге асырылды.

Профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушыларға ақпараттық және кітапханалық қызмет көрсету 10 оқу залында, 8 электрондық ресурстар залында және 10 абонементте жүзеге асырылады.

Кітапхана құрылымы



Кітапхананың ақпараттық ресурстары



Ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру және қызмет көрсетудің тиімді әдістері үшін Ирбис64+ бағдарламалық жасақтамасы мен J-ИРБИС веб-модулі сатып алынып, іске қосылды. Жетілдірілген бағдарлама сатып алынғаннан кейін «Кітап беру» АЖО-ны енгізу жұмысы басталды. Есепті жылы барлық қызмет көрсету орындары үшін ID карталары мен оқу құрылғылары сатып алынып, орнатылды.

Сондай-ақ, кітапхана RFID-технологияларды (қорды радиожилік сәйкестендіру) пайдалану мүмкіндігіне ие.

Жаңа буын кітапханаларына арналған RFID жабдықтар кешені



Есепті оқу жылында университет басшылығы оқу кітапханаларын жаңғыртуды кезең-кезеңмен жүргізу туралы шешім қабылдады. Жаңғырту бойынша пилоттық жоба биология-география факультетінің оқу кітапханасынан басталды. Жұмыс орындарын жабдықтап, пайдаланушыларға университеттің ақпараттық ресурстарына ыңғайлы қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін факультеттің оқу кітапханасына заманауи материалдық-техникалық база негізінде RFID жабдығы сатып алынды, атап айтқанда:

- сенсорлық интерфейсі бар өзіне-өзі қызмет көрсету терминалы;

– RFID сәйкестендіру қақпасы (түрлі-түсті және дыбыстық сигналы бар ұр-лаудан қорғайтын қақпалар);

– құжаттарды таңбалау, пайдаланушыларды сәйкестендіріп, олардың кіруін тіркеуге арналған RFID-станциясы.

Дәстүрлі кітапхана қорын дамытумен қатар электрондық кітапхананы жаңғырту жалғасуда, онда білім беру және ғылыми бағыттағы 70 мыңға жуық толық-мәтінді құжат бар. Бұл профессор-оқытушылар құрамының дәріс курстары, мультимедиялық презентациялар, барлық пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендер, университетте жасалған және сырттан алынған электронды оқулықтар, цифрланған кітаптар, журналдар мен мақалалар жинақтары. Барлық ресурстар электрондық каталогта көрсетілген, оның көлемі 600 мыңнан астам жазбаны құрайды. Каталог библиографиялық және толық мәтінді ақпаратты қолдайды, университеттің әр кафедрасында, әр бөлімінде және кітапхана сайтында қол жетімді.

Жыл бойы жас ғалымдар үшін РЖЭК (Республикалық жоғары оқу орындары аралық кітапхана), Параграф, E-library (РӘҒЭК), Scopus, Science Direct, Clarivate Analytics деректер базасын пайдалану бойынша консультациялар өткізілді. Осы жылы ғалымдардың зерттеу жұмыстары үшін 10 000 доллар сомасына Wiley баспа компаниясы (<https://onlinelibrary.wiley.com>) ғылыми ресурстарының топтамасы сатып алынғанын атап кету керек. Баспа ғалымдарға үздік жетістіктерін жариялауға, олардың ғылым әлемінде мойындалуына және халықаралық ғылыми қоғамдастықта тығыз ынтымақтастықты арттыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ жоғары сапалы рецензияланатын ғылыми мақалаларды басып шығарады. Осындай беделді журналда өз зерттеулерінің нәтижелерін жариялайтын жас ғалым үшін үлкен перспективалар ашылады деп сеніммен айтуға болады.

8 ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

Есепті кезеңде академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде тәрбие жұмысы жастардың рухани, мәдени және дене тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасау, олардың шығармашылық әлеуетін ашу және өзін-өзі жүзеге асыру бағытында жүргізілді.

Университеттегі тәрбие жұмысының басым бағыттары — патриотизмге тәрбиелеу, сом мінезді, мәдениетті әрі әлеуметтік жауапкершілігі жоғары тұлғаны қалыптастыру, құқықтық мәдениетке тәрбиелеу, қоғамдық-саяси белсенділікті дамыту, азаматтық белсенділік пен көшбасшылық дағдыларды арттыру, рухани-адамгершілік тәрбие, көпмәдениетті тәрбие, зияткерлік-шығармашылық тәрбие беру, дене тәрбиесі бойынша білім беріп, салауатты өмір салтын қалыптастыру, экологиялық тәрбиеге, еңбекке баулу, қазақстандық бірегейлік пен бірлік құндылықтарын насихаттау.

Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаменті университеттегі тәрбие жұмысын реттеуші орган болып табылады, ол келесі жұмыс бағыттарын қамтиды:



2021–2022 оқу жылында тәрбие жұмысының жоспары аясында түрлі форматтағы 100-ден астам ауқымды іс-шара өткізілді, олар 4 бағытты қамтыды:

- студенттердің азаматтық-патриоттық әлеуетін және құқықтық мәдениетін дамыту;
- студенттердің бойында рухани-адамгершілік әлеуетті дамыту;
- этносаралық келісім мен халықтар достығын жақсарту;

– студенттердің дене қабілеттерін, зияткерлік және шығармашылық әлеуетін дамыту.



Ағымдағы жылы мынадай ірі іс-шаралар өткізілді:

– Қасым Аманжоловтың 110 жылдық мерейтойын атап өту аясындағы іс-шаралар;

– «Невада-Семей» антиядролық қозғалысы аясындағы театрландырылған көрініс;

– Кәріпбек Күйіковтің сурет көрмесі;

– Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған концерт;

– Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні аясында «Қара орамал» театрландырылған қойылымы;

– Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылғанына 30 жыл толуына және Отан қорғаушылар күніне орай университетте тұңғыш ғарышкер Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіровпен кездесу өтті. Тоқтар Әубәкіровке академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Құрметті профессоры атағы берілді.



Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде 2 676 білім алушыға арналған 7 Студенттер үйі жұмыс істейді. 2021–2022 оқу жылының қорытындысы бойынша Студенттер үйінде 2 204 студент тұрды.



Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің тарихи-мәдени мұрасын сақтау, студенттерге эстетикалық және адамгершілік тәрбие беру, университеттің ғылыми, оқу-педагогикалық, мәдени-бұқаралық, спорттық-сауықтыру және басқа салалардағы жетістіктерін насихаттау мақсатында білім ордасында Тарих мұражайы жұмыс істейді.

- 2021-2022 оқу жылында мұражайда 700-ге жуық топтық экскурсия өткізілді;
- ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу аясында «Менің атым – Ебіней Арыстанұлы Бөкетов» акциясы, университеттің 50 жылдығына арналған «Қылқалам ұшындағы күдірет» атты суреттер, көркем шығармалар мен қолөнер бұйымдарының көрмесі өтеді;
- Университетте сонымен қатар 4000-нан астам экспонат, құжат пен фотосурет жинақталған университет пен мұражайлар тарихы қоры бар.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің базасында Қарағанды өңірінде студенттер мен университет қызметкерлеріне медициналық қызмет көрсететін алғашқы студенттік емхананың ашылуы 2021 жылдың айтулы оқиғаларының бірі болды.

Университетте әлеуметтік маңызы бар аурулардың алдын алу мақсатында емхана Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментімен бірлесіп студенттер арасында салауатты өмір салтын насихаттайтын бірқатар іс-шараларды жүйелі түрде өткізіп келеді.


Оқу жылында барлығы 8 639 білім алушы мен қызметкерге көмек көрсетілді

Оқу жылы ішінде № 1 оқу корпусының медициналық пунктінде емханамен бірлесіп вакцинациялау жұмыстары ұйымдастырылды

Донор күні акциясы ұйымдастырылып, өткізілді

Студенттік өзін-өзі басқару студенттердің ғылыми және шығармашылық қызметке қызығушылығын арттыруға, олардың әл-ауқатын жақсартуға, жатақханаларда жайлы тұруына ықпал етеді. Студенттік өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру студенттердің шығармашылық бастамасын, олардың жауапкершілігі мен азаматтық ұстанымын, дербестігі мен әлеуметтік белсенділігін дамытуға мүмкіндік береді.

Студенттік өзін-өзі басқару органдарының жұмысы мынадай ірі жастар бірлестіктерімен атқарылады:



Студенттердің тәрбиелік сипаттағы іс-шараларға қызығушылығын арттыру және студенттік өзін-өзі басқару органдарын қолдау мақсатында оқу жылы бойы Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаменті бірқатар жобаларды іске асырды:



Сондай-ақ, студенттік құрылыс жасақтары мен «Жасыл Ел» жасақтарының жұмысына да көп көңіл бөлінеді, мұнда жазғы уақытта табыс тапқысы келетін студенттер жыл сайын түрлі учаскелердегі жұмысқа тартылып, тәжірибе жинақтайды. Жүргізіліп жатқан жұмыс студенттердің мемлекеттік жастар саясаты саласындағы іс-шараларды іске асыруға белсенді қатысуының айғағы болып табылады.

9 ӘКІМШІЛІК-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

2021 жылдың қорытындысы бойынша «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-тың 2021 жылға арналған Даму жоспарында бекітілген қызметтің түпкілікті нәтижесінің 12 негізгі көрсеткішінен:

- 1) 100 %-ға және одан жоғарыға орындалғандары — 9 көрсеткіш, оның ішінде:
 - бакалавриатты қабылдау бойынша — 100 % (жоспар — 4 121 адам, факт — 4 124 адам);
 - магистратураны қабылдау бойынша — 100 % (жоспар — 418 адам, факт — 418 адам);
 - докторантураны қабылдау бойынша — 100 % (жоспар — 48 адам, факт — 48 адам);
 - бакалавриатты бітіртіп шығару бойынша — 100 % (жоспар — 2 982 адам, факт — 2 982 адам);
 - магистратураны бітіртіп шығару бойынша — 100 % (жоспар — 391 адам, факт — 391 адам);
 - докторантураны бітіртіп шығару бойынша — 100 % (жоспар — 76 адам, факт — 76 адам);
 - оқу аяқталғаннан кейін 1-ші жылы жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар жұмысқа орналастырылған түлектердің саны бойынша — 106,01 % (жоспар — 2 412 адам, факт — 2 557 адам);
 - үздік диплом алған бакалавриат түлектері бойынша — 100 % (жоспар — 728 адам, факт — 728 адам);

2019–2021 жылдардағы білім алушылар контингентінің динамикасы



- GPA 3.8 және одан жоғары диплом алған магистратура түлектері бойынша — 100 % (жоспар — 391 адам, факт — 391 адам);
- 2) 99 %-дан жоғарыға орындалғандары — 3 көрсеткіш, оның ішінде:
 - бакалавриат контингенті бойынша — 99,7 % (жоспар — 12 605 адам, факт-12 564 адам);
 - магистратура контингенті бойынша — 99,50 % (жоспар — 805 адам, факт — 801 адам);
 - докторантура контингенті бойынша — 99,4 % (жоспар — 165 адам, факт — 164 адам).


Стратегиялық мақсаттар мен міндеттердің ойдағыдай орындалуы қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштерінде де айтарлықтай көрініс тапты.

Қоғам кірістерінің жалпы көлемі 7 млрд.167,5 млн. теңгені құрады (2020 жылмен салыстырғанда (5890 млн. теңге) өсім 1277,6 млн. теңгеге немесе 22 %-ға артқан).


Оның ішінде:

- 97,6 % (6 993,7 млн. теңге) — бұл негізгі қызметтен түсетін кірістер (2020 жылмен салыстырғанда өсім 1217 млн. теңгеге немесе 21 %-ға артқан)
- 2,4 % (173,8 млн. теңге) — өзге де кірістер (2020 жылмен салыстырғанда өсім 59,7 млн. теңге немесе 52 %-ға артқан).


2019–2021 жылдардағы кіріс динамикасы (мың теңге)




Білім беру қызметінен түскен кірістер динамикасы



Ғылыми-зерттеу қызметінен түскен кірістер динамикасы




Басқа да қызметтерден түскен кірістер динамикасы



Қоғамның шығындары жалпы алғанда 7 млрд. 031 млн. теңгені құрады және 2020 жылмен салыстырғанда (5666 млн.теңге) 1365,2 млн. теңгеге немесе 24 %-ға өсті. Оның ішінде:

- 61,0 % (4 287,4 млн. теңге) білім беру қызметіне жұмсалған шығыстар (2020 жылмен салыстырғанда өсім 1 млрд.396 млн. теңгеге немесе 48 %-ға артқан);
- 4,9 % (342,3 млн. теңге) ғылыми-зерттеу жұмыстарына жұмсалған шығыстар (2020 жылмен салыстырғанда өсім 95,0 млн. теңгеге немесе 38 %-ға артқан);
- 1,9 % (130,1 млн. теңге) қосалқы өндіріске жұмсалған шығыстар (2020 жылмен салыстырғанда өсім 37,5 млн. теңгеге немесе 40 %-ға артқан);
- 5,7 % (403,2 млн. теңге) әкімшілік шығыстар (2020 жылмен салыстырғанда өсім 9,6 млн.теңгеге немесе 2 %-ға артқан);
- 24,8 % (1 740,5 млн. теңге) университеттің инфрақұрылымын күтіп-ұстауға және қызмет көрсетуге жұмсалған шығыстар (2020 жылмен салыстырғанда 202,9 млн. теңгеге немесе 10 %-ға төмендеген);
- 1,8 % (127,8 млн.теңге) өзге де шығыстар (2020 жылмен салыстырғанда өсім 30 млн. теңгеге немесе 31 %-ға артқан).

Жылдар бойынша шығындар құрылымы (2019–2021 жылдар кезеңінде), %



Ағымдағы бюджет және даму бюджеті бөлінісіндегі шығындар динамикасы

№ р/с	Көрсеткіштер	2019 ж.		2020 ж.		2021 ж.	
		Сомасы мың теңге	Жалпы көлемдегі үлес салмағы %	Сомасы мың теңге	Жалпы көлемдегі үлес салмағы %	Сомасы мың теңге	Жалпы көлемдегі үлес салмағы %
1.	ШЫҒЫНДАР, барлығы	4 487 328	100	5 206 597	100	6 790 237	100
	оның ішінде:						
1.1	Даму бюджеті, барлығы	300 106	7	493 763	9	783 156	12
1.1.1	Инвестициялық жобалар мен бағдарламалар, барлығы	0	0	22 786	0	106 188	1
	оның ішінде:						
	Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу					28 636	
	Реконструкциялау			13 736		77 552	
	Жаңа нысандар құрылысы			9 050			
1.1.2	Оқу-зертханалық және ғылыми-зертханалық жабдықтар	106 613	2	247 480	5	241 803	4
1.1.3	Негізгі құралдарды сатып алу (жабдықсыз)	192 741	5	187 446	4	313 671	5
1.1.4	Материалдық емес активтерді сатып алу	752	0	13 265	0	15 306	0
1.2	Ағымдағы бюджет	4 187 222	93	4 712 834	91	6 007 081	88
	Қорларды сатып алу	194 778	4	298 297	6	297 220	4
	Жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу	926 798	21	736 663	14	974 783	14
	Жалақы салықтармен	3 065 646	68	3 677 874	71	4 735 078	70

2021 жылға көзделген инвестициялар 106,2 млн. теңге көлемінде игерілді. Денсаулық сақтау пункті ғимаратын 132 орындық жатақханаға реконструкциялау бойынша инвестициялық жоба аяқталды.

Жылыжай кешені мен питомник салу, университет нысандары арасында оптикалық кабель төсеу бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірленді.

Студенттерге арналған 500 орындық жатақхана құрылысы бойынша ЖСҚ әзірлеу басталып, аяқталу сатысында. Қоғамның жалпы бюджетіндегі даму бюджеті шығындар бойынша есепті жылы инвестициялық бағдарламаларды іске асыру және негізгі құралдарды, оқу және ғылыми зертханалық жабдықтарды, материалдық емес активтерді сатып алу есебінен 10 %-ды немесе 783 млн.теңгені құрады.

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы шеңберінде 2021 жылы 2 616,8 млн.теңге көлемінде сатып алу жүзеге асырылды, қабылданбаған міндеттемелер сомасы 95,1 млн. теңгені (3,6 %) құрады.

2021 жылғы мемлекеттік сатып алулар
Жүзеге асырылған сатып алулар көлемі, барлығы — 2 616 766 мың теңге



Тауарларды, жұмыстарды (қызметтерді) жеткізушілермен жалпы сомасы 2 245,8 млн. теңгеге шарт жасалды.

Орындалмаған міндеттемелер көлемі 503,3 млн.теңгені құрады, оның ішінде іске асыру мерзімі бір жылдан асатын инвестициялар 453,5 млн. теңгені (90 %) және ТЖҚ жосықсыз жеткізушілері 49,5 млн. теңгені (10 %) құрады. Соңғыларына қатысты шарттық міндеттемелерді тиісінше орындамағаны үшін талап-арыз жұмысы басталды — сот органдарына 44 талап-арыз жолданды, оларды қарау бойынша 6,5 млн.теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы есептелді және толық көлемде төленді. Бұдан басқа, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне 50 жеткізуші, оның ішінде Шарт жасасудан жалтарғандар енгізілді.

Жалпы, 2021 жылы тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу көлемі 2 млрд. 616 млн. 766 мың теңгені құрады.

Рәсімдерді өткізу кезінде мемлекеттік сатып алу туралы қолданыстағы заңнамада белгіленген сатып алу тәсілдері (аукционнан басқа) пайдаланылды.

Өткізу тәсілдері бойынша 2021 жылғы мемлекеттік сатып алулар


№ р/с	Көрсеткіштер	2021 факт	
		Сомасы, мың теңге	Жалпы көлемдегі үлесі, %
1	Сатып алу жүзеге асырылды, барлығы	2 616 766,00	100,00
	оның ішінде:		
1.1	Ашық конкурс	1 352 874,39	51,70
1.2	Аукцион		
1.3	Баға ұсыныстарын сұрату	556 498,94	21,27
1.4	Алдын ала біліктілік іріктеуі арқылы жүргізілетін конкурс	194 089,43	7,42
1.5	Өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден сатып алу	169 343,15	6,47
1.6	Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу	343 960,09	13,14

Есепті кезеңде ашық конкурс тәсілімен сатып алу үлесі жүзеге асырылған сатып алудың жалпы көлемінің 50 %-дан астамын құрады.

2019–2021 жылдар кезеңінде жоғары оқу орнының мемлекеттік сатып алу көлемінің өсу қарқыны байқалды. 2021 жылдың өсу қарқыны 2019 жылдың көлеміне — 52 %-ды, 2020 жылдың көлеміне — 18 %-ды құрады.

Сатып алу құрылымында тауарларды сатып алу деңгейі: 2019 ж. — 60 %, 2020 ж. — 63 %, 2021 ж. — 61 %. Жалпы сатып алулардағы жұмыстардың үлесі 2019 жылы — 21 %, 2020 жылы — 21 %, 2021 жылы — 31 %, ал қызметтер бойынша тиісінше 2019 жылы — 19 %, 2020 жылы — 16 %, 2021 жылы — 8 % болды.

2019–2021 жылдар кезеңіндегі мемлекеттік сатып алу динамикасы мен құрылымы



2021 жылғы сатып алу нәтижелері бойынша шартты үнемдеу сомасы 383, 3 млн. теңгені немесе сатып алудың жалпы көлеміне 14,7 %-ды құрады және тауарлардың, жұмыстардың (қызметтердің) қосымша көлемін сатып алуға бағытталған.

2021 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Қоғам қызметкерлерге еңбекақы төлеудің жаңа жүйесіне көшті. 4 млрд. 735,1 млн. теңге немесе 1 млрд. 057,2 млн. теңгеге немесе 28,7 % өсіммен алынған кірістің 66 %-ы еңбекақы төлеуге бағытталды (2020 ж. — 3 млрд. 678 млн. теңге, 2021 ж. — 4 млрд. 735 млн. теңге). Бұл ретте ЕТҚ-ның 74,7 %-ы негізгі өндіріс қызметкерлеріне (3 млрд. 536,8 млн. теңге), 6,5 %-ы — әкімшілік персоналға (310 млн. теңге), 1,3 %-ы — қосалқы өндіріс қызметкерлеріне (63,6 млн. теңге), 17,4 %-ы — өзге персоналға (824,6 млн. теңге) еңбекақы төлеу бойынша шығыстар болып табылады.

2021 жылы өсімді ескере отырып, ПОҚ-тың орташа жалақысы 232 мың теңге деңгейінде қалыптасты.

Пандемияға байланысты іссапар шығыстары 72 %-ға немесе 64,9 млн. теңгеге (2021ж. — 153,9 млн. теңге, 2020ж. — 89 млн. теңге) және оқу корпустары мен жатақханаларды күтіп ұстау және ағымдағы жөндеу бойынша шығыстар 110,5 млн. теңгеге (2021ж. — 113,3 млн. теңге, 2020ж. — 2,8 млн. теңге) ұлғайды. Сонымен қатар, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын тұтынушылар тобынан басқа заңды тұлғалар санатына көшу есебінен 2021 жылғы коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстар 2019 жылмен салыстырғанда 17 %-ға төмендеп, 2020 жылмен салыстырғанда — қызметті ұсынушылардың тарифті көтеруін ескере отырып, небәрі 15 %-ға ұлғайды.

Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстар

№ р/с	Шығыстар атауы	2019 ж.	2020 ж.			2021 ж.				
			Барлығы	2019 ж. ауытқ.		Барлығы	2019 ж. ауытқ.		2020 ж. ауытқ.	
				абс. сомада мың теңге	%-бен		абс. сомада мың теңге	%-бен	абс. сомада мың теңге	%-бен
1	Коммуналдық шығыстар, барлығы	634 454	458 062	-176 392	-28	525 975	-108 479	-17	67 913	15
	оның ішінде:									
1.1	Жылыту және ыстық сумен жабдықтау	437 042	310 170	-126 872	-29	314 612	-122 430	-28	4 442	1
1.2	Электр энергиясы	78 946	74 383	-4 563	-6	115 447	36 501	46	41 064	55
1.3	Сумен жабдықтау және су бұру	94 986	51 874	-43 112	-45	71 099	-23 887	-25	19 225	37
1.4	Байланыс, интернет, деректерді беру	23 480	21 635	-1 845	-8	24 817	1 337	6	3 182	15

Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша жоғары оқу орыны жүзеге асырған қызмет өнімдерінің өзіндік құны 6 млрд. 500 млн. теңгені құрады, бұл 2020 жылғы көрсеткіштен 1 млрд. 325,5 млн. теңгеге артық, оның ішінде білім беру қызметтерінің өзіндік құны — 6 139 млн. теңге, ғылыми-зерттеу жұмыстарының өзіндік құны — 361 млн. теңге.

Есепті жылдағы қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері бойынша пайда 136,2 млн. теңге сомасында алынды.

Қызметкерлердің штаттық саны 2161 бірлік болғанда, Қоғам персоналының орташа тізімдік саны 1963 бірлікті құрады.

Есепті жылы шығыстарды оңтайландыру, қосымша кіріс көздерін іздеу жұмыстары жалғастырылды.

Есепті жылы тамақтану комбинатының шығынын азайту мақсатында 16 қолда бар тамақтану нүктесінің (75 %) 12-сі нысаналы мақсатын (асхана, буфет) сақтай отырып жалға берілді. Бұл:

- қоғамдық тамақтану комбинаты қызметкерлері санының 2020 жылы 90 бірліктен 2022 жылы 36 бірлікке дейін, яғни 40 млн. теңге жылдық еңбекақы төлеу қорымен үштен екіге немесе 54 бірлікке төмендеуін;
- жалдау ақысының түсімдері есебінен жоғары оқу орны кірістерінің 2020 жылы 6,8 млн. теңгеден 2021 жылы 16,3 млн. теңгеге дейін ұлғаюын;
- жалға алушылардың өтеуі есебінен коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге жыл сайынғы шығыстардың 7 млн. теңгеге төмендеуін;
- университет студенттері мен қызметкерлерінің тамақтануын қамтамасыз ету үшін азық-түлік сатып алу шығыстарының жылына 10 млн. теңгеден астам төмендеуін қамтамасыз етті.

**2019–2022 жж. жылжымайтын мүлік нысандарын
жалға (жалдауға) беруден түскен түсімдер**

Нысан	Қызмет түрі	Жалға берілетін алаң 2021 ж. (шаршы метр)	Кірістер				
			2019 ж.	2020 ж.		2021 ж.	
			Сомасы (мың теңге)	Сомасы (мың теңге)	2019 ж. үлес салмағы	Сомасы (мың теңге)	2019 ж. үлес салмағы
Асханалар, буфеттер	Тамақтандыру қызметі	732	0	0		5 087	
№ 1–7 жатақханалар	Медициналық қызмет көрсету, ауыз сумен қамтамасыз ету, кір жуу қызметтері	587	162	159	0,98	3 014	19
№ 1, 2, 4, 9 оқу корпустарының кабинеттері	Кәсіподақ қызметі, ғылыми институт, тілдік курстар, мәдени іс-шаралар, ксерокөшіру, мәтіндерді басып шығару бойынша қызметтер көрсету	292	1 295	668	0,52	4 745	7
Спорт залдары	Спорт. іс-шаралар мен жаттығулар	874	0	0		2 804	
Денсаулық сақтау пункті	Стоматологиялық қызметтер	19,33	133	156	1,17	357	2
№ 1, 8 оқу корпустарындағы банкоматтар	АҚША беру	39,2	713	89	0,12	244	3
жыл ішінде БАРЛЫҒЫ		2 485	2 303,0	1072,0	0,46	16 251,0	15,2


Қосымша қаржы көздерін іздеу бойынша жүргізілген жұмыстар өз нәтижелерін берді. Тамақтану объектілерін аутсорсингке берудің жылдық экономикалық тиімділігі 70 млн. теңгеден астам сомада есептеледі.

Есепті жылы жалға берілетін жалпы алаң 2 485 шаршы метрді құрады. Оның ішінде № 1–7 жатақханалар үй-жайлары — 587 шаршы метр, оқу корпустарының кабинеттері мен үй-жайлары — 292 шаршы метр, спорт залдары — 874 шаршы метр және асханалар (буфеттер) — 732 шаршы метр.

Алаңдарды жалға (жалдауға) беру туралы шешімдер комиссиялық түрде қабылданады. Бұл ретте бірінші кезекте білім алушылар мен қызметкерлердің әлеуметтік-тұрмыстық қажеттіліктерін барынша қанағаттандыру үшін әлеуетті жалға алушының қызмет түрі ескеріледі.

2019–2022 жылдар кезеңінде жалдау ақысы бойынша түсімдердің өсуінің оң үрдісі байқалады. Жалға беруден түсетін кірістер материалдық-техникалық жарақтандыру және тапсырылатын нысандарды жөндеу үшін пайдаланылады.

Жылжымайтын мүлік нысандарын жалға (жалдауға) беруден түсетін ақша түсімдерінің динамикасы



2022 жылға, Қоғамның Даму жоспарына сәйкес, аталған кіріс көзінің 40 млн. теңгеге дейін ұлғаюы болжануда, яғни есепті 2021 жылға қарсы өсім 2 еседен артық болады.


Баспа жұмысында да оң өзгерістер байқалады.

Мәселен, 2020 жылмен салыстырғанда жоо-ның құрылымдық бөлімшесі университет үшін орындалатын баспа-полиграфиялық жұмыстардың көлемін ұлғайта отырып (75,6 %-ға өсім) есепті жылы ақылы қызметтерден түсетін түсімдерді 2020 жылғы көрсеткіштен 45,7 %-ға артық қамтамасыз етті, осылайша бір мезгілде ақылы учаскедегі жұмыс көлемін едәуір ұлғайтты. Бұған баспаның университеттің бас ғимаратына көшуі, *offline оқытуға көшу, студенттер мен оқытушылар үшін баспа өнімдерінің ассортиментін жаңарту* (оның ішінде адрестік папкалар, буклеттер, блокноттар, дипломдар, конференцияларды материалдарын дайындау және т.б.) ықпал етті.

Алаңдарды оңтайландыруды, заманауи полиграфиялық жабдықтармен материалдық-техникалық жарақтандыруды ескере отырып, 2021 жылдың қорытынды-

сы бойынша баспа қызметінен 8,5 млн. теңгеден астам кіріс түсті, бұл 2020 жылдың нәтижелерінен 2 есе артық.


Баспаның ақылы қызмет көрсетуінен түскен кірістер динамикасы



«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ құрылымында 10 оқу корпусы, 7 студенттер үйі, қала сыртындағы практика базалары, баспа, әлеуметтік және мәдени мақсаттағы нысандар (Студенттер сарайы, спорт ғимараттары, спорттық-сауықтыру кешені, денсаулық сақтау пункті, емхана, асханалар мен буфеттер) бар.

ӘШД қызметкерлері мен мердігерлік ұйымдар жөндеу жұмыстарының жоспары бойынша және түрлі бөлімшелер мен бөлімдердің ұсыныстарына сәйкес есепті кезеңде мынадай жұмыс түрлерін орындады:

Ремонт 2 этажа столовой учебного корпуса № 1



№ 1 оқу корпусында бірінші және екінші қабаттағы асханаларда желдеткіштер ауыстырылды, екінші қабаттағы асүй мен асханада, 1 қабаттағы мұражайда, № 415 оқу аудиториясында ағымдағы жөндеу жүргізілді.

Кабинеты и компьютерные классы учебного корпуса № 2



№ 2 оқу корпусында 10 компьютерлік сынып пен № 202, 205, 301, 302, 307, 310, 312, 313, 315, 323, 402, 415 оқу аудиторияларына ағымдағы жөндеу жүргізілді, жылыту жүйесі мен жылыту радиаторлары ауыстырыла отырып, жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Библиотека учебного корпуса №3



№ 3 оқу корпусындағы үй-жайларға ағымдағы жөндеу жүргізілді және ғылыми кітапхананың жылыту жүйесі ауыстырылды. Жұмсақ шатырға ішінара жөндеу жүргізілді.

Фасад и спортзал учебного корпуса № 4



№ 4 оқу корпусында спорт залына ағымдағы жөндеу жүргізілді. Ішкі аула қасбеті сырланып, қосалқы шығудағы баспалдақтар қалпына келтірілді.

Учебный корпус № 6



№ 6 оқу корпусында 6 зертхана кабинеттеріне (№ 6, 12, 14, 15, 23, 29); асханаға; ЖІК кабинетіне; химиялық мәселелер ғылыми-зерттеу институтының кабинеттеріне; қосалқы шығатын баспалдақ торына ағымдағы жөндеу жүргізілді.

Қазіргі уақытта оқу корпусын, қойманы және автогаражды орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесіне қосуға дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Учебный корпус № 7



№ 7 оқу корпусында оң қанаттың 6 киім ауыстыратын бөлмелеріне, 12 себезгі және сан. тораптарға ағымдағы жөндеу жүргізілді.


Учебный корпус № 9



№ 9 оқу корпусында ХҚТ (халықтың қауқары аз топтары) кіруі үшін негізгі кіреберістегі пандусқа және кабинеттерге ағымдағы жөндеу жүргізілді.


№ 11 оқу корпусында кабинеттер мен № 309, 310, 311, 312, 313, 314, 322 оқу аудиторияларына, 3-қабаттың дәлізіне, негізгі баспалдаққа ағымдағы жөндеу жүргізілді, өткелде қатты шатыр ауыстырылды.

Учебный корпус № 11



Физикалық денсаулықты жақсарту және студенттерді спорттық салауатты өмір салтына тарту мақсатында № 12 оқу корпусында бірінші қабаттағы манежде 728 м² резеңке-каучук жабын төселді, холдың қабырғалары, едендері мен төбелері жөнделді. Жылыту жүйесінің құбырлары мен шойын жылыту радиаторларын алюминийге ішінара ауыстыру жүргізілді.

Учебный корпус № 12



Барлық студенттер үйлерінде тұрмыстық үй-жайларға, тұратын бөлмелерге жөндеу жүргізіле отырып, жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары жүргізілді.

Барлық оқу корпустары мен студенттер үйлері жаңа оқу жылына уақтылы дайындалды.

Текущий ремонт в Домах студентов № 1-7



Өткен көктемгі-жазғы кезеңде қала сыртындағы демалыс аймақтарында және оқу-далалық практика базасында жатақханалар мен тұрғын үйлерге ағымдағы жөндеу жүргізілді: ағаш терезе блоктары ПВХ блоктарына ауыстырылды; Қарқаралы, Балқаш қалаларында, Топар кентінде жылжымалы үйлер, автономды себезгілер және санитарлық-тораптар орнатылды.

Базы практики г. Балхаш и Учебно-полевая база практики в г. Каркаралинске



Осылайша, 2021–2022 жылдары мердігер ұйымдар жөндеу жұмыстарын жүргізуге 238 868 178 теңге, өз кезегінде ӘШД қызметкерлері жөндеу жұмыстарына 162 243 563 теңге қаржы бөлді.

Жылыту маусымы басталғанға дейін Мұқанов көшесі, 41/1 ғимарат (№ 6 оқу корпусы, автогараж, қойма) мекенжайындағы ғимараттарды орталықтандырылған жылыту жүйесіне қосуға байланысты АЖС-3-ті резервке ауыстыру жоспарлануда, ағымдағы уақытта барлық қажетті материалдар сатып алынды.

«Аманат» партиясының жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасында 2025 жылға қарай 50 000 орындық жатақханаға пайдалануға беріледі деп болжануда. Осыған байланысты **университетте 500 орындық жатақхана құрылысы жоспарланып**, жобалау аяқталды, «Қарағанды облысының Қарағанды қаласында 500 орындық студенттік жатақхана құрылысы (сыртқы инженерлік желілерсіз және абаттандырусыз)» жобасына мемлекеттік сараптама жүргізілуде. 2023 жылы құрылысты аяқтау көзделген.

*Эскизный проект общежития для студентов на 500 мест
и благоустройство территории*



«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ аумағын абаттандыра отырып жылыжай салуға арналған жобаның ведомстводан тыс кешенді сараптамасынан өтуге **дайындық жұмыстары жүргізілуде**. Жобаны іске асыру құны шамамен 112 000 000 теңгені құрайды.

Эскизный проект теплицы и благоустройство территории



Сондай-ақ, Ғылыми технопарктің құрылысы жалғасуда.

Здание «Технопарка» (вид здания по проекту)



Жалпы алғанда, 2021 жылға арналған «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Даму жоспарымен бекітілген қазіргі заманғы еңбек нарығының қажеттіліктеріне және университеттің ғылыми қызметін дамытуға сәйкес келетін кадрларды даярлау жөніндегі тікелей және түпкілікті нәтиженің негізгі көрсеткіштерін табысты орындау есепті қаржы жылындағы қаржылық-шаруашылық қызметтің жоспарланған негізгі көрсеткіштерінің орындалуын қамтамасыз етті.

Басқарма төрағасы – Ректор
ҚР ҰҒА корр.-мүшесі,
заң ғылымдарының докторы, профессор

Н.О. Дулатбеков